



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУДА ҚАТЕЛІК КӨП



Парламент Мәжілісінде ҚР Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері қаралды. Талқылау барысында ел экономикасының өсімі, әлеуметтік міндеттемелердің орындалуы және бюджеттің негізгі параметрлерінің сақталуы оң нәтиже ретінде аталғанымен, мемлекеттік қаржыны басқарудағы жүйелі мәселелердің әлі де сақталып отырғаны айтылды.

(Жалғасы 3-бетте)

ТУҒЫР

Осы біздің жұртымыз қуана білуді, нағыз бақыттың қандай болатынын, тарих жаңғырығының шаттығын сөзіне білудің не екенін ұмытқан ба, әлде, дүниедегі түрлі өзгеріс, құбылыстарға сәл етпей, еті өліп кеткен бе деп танданатын көзіміз көп. Міне, Президентіміз заманында дүниені дүр сілкіндірген, даңқы жер жарып, жарты әлемді ұсынып ұстаған айбарлы қағанат-мемлекеті Алтын Орданың заңды мұрагері қазіргі Қазақстан екендігін айтып, әлемге жар салды. Дүние дүр сілкінді, әлем елдері бейтарап қалмай, жарыса үн қатып жатыр, өсіресе, бауырлас түрік елдері қазақ елінің жүрекжарды қуанышымен бөлісіп, құттықтауда, мұның нағыз әділеттің салтанат құруы екендігін айтуда.

АЙБАРЛЫ АЛТЫН ОРДА НАҒЫЗ МҰРАГЕР ЖҰРТЫНА ОРАЛДЫ

Бір ғажабы өз ішімізде мұның қуанышы білінбейтін сияқты, негізі бұл дегеніңіз ақ түйенің қарны жарылғандай шексіз бақыт қой; талай буын – ата-бабамыз осы ақиқатты айта алмай, империя бұғауында тұншыққан жоқ па?! Кешегі білімпаз, өз тарихын қасиет тұтқан Алаш арыстары осы ақиқатты ауыздарына ала алмай, қорланып, жапа шегіп, ел мүддесін жоқтағаны үшін жазықсыздан-жазықсыз «халық жауы» атанып, жауыз империя құрбанына айналды. Тіпті, өз заманымыздың көзқорған ұлы тұлғалары Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Зимановтар өздері жақсы біліп тұрған тарих ақиқатын жариялай алмай іштерінен тынып, болашаққа ғана үміт артумен өмірден өтті. Осыны біліп отырып, неге қуанбасқа, неге сүйіншілесіп, ел болып жар салмасқа?! Өзіміз түгілі, өзге жұрттар бөркін аспанға атып, қазақ халқын құттықтап, ұзағынан сүйіндірсін деп ажарма тілек білдірісіп жатқанда жайбарақат қалуымыз, қалыпты жағдайдай қабылдауымыз қалай?!

Әрине, қуанып жатқандар жоқ емес, ел азаматтары өзара пікір-қозғарсын білдіруде. Бірақ жетімсіз сияқты, ел болып жер әлемге жар салуға тиіс емес пе едік, Президентімізге мың алғысымызды білдіруіміз керек еді ғой!

Менің ойымша, бұл қуаныштың басы ғана, ең бастысы – Ұлы Дала тарихының жарқын бетін еркін жазуға жол ашылды; күні кеше ғана XV ғасырдағы Қазақ Ордасы тарихын қанағат тұтып

келіп едік, одан бұрын ел болмағанымыздай, одан бұрын ата-бабамыз бізден бөлек әлемде өмір сүріп, аяқасты пайда болғандай; тіпті қарапайым қисынға арқа сүйеген күнде олай болуы мүмкін бе еді... Осыншама ұланғайыр өлкені ұрыссыз-күрессіз біздің жұртымызға қолденең жарылқаушы сыйлай салып па екен?! Тарихтан белгілі, ешбір ел ұлтарқтай жерге өздігінен ие болмаған!

Андап қарасаңыз, атақ-даңқы жағынан да, мемлекеттік құрылым, жалпы өркениеті, экономикасы мен мәдениеті жағынан да бізден көш ілгері кеткен дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы елдер Италия, Испания, Англия, Франция, өзмізбен көршілес азиялық жұрттардың ешқайсысы да осы күнгі қазақ жұрты иеленіп отырған жердің жартысына да ие бола алмаған! Біздің жауымыздың көп болуының да басты себебі осы емес пе еді? Ал жоғарыда аты аталған елдер қолынан келсе мол жер иеленуден бас тартар ма еді?! Күшті құрылым, айбынды мемлекет құрудың ең басты шарты – жер емес пе?!

Сіз бен біз жақсы білеміз, қазақтың жері осы күнгісінен әлдеқайда көп болған, біз сол артықшылығымыздан Ресей империясына қараған отаршылық дәуірде айырылып қалдық; кешегі Кенесары ханды қапаландырған, Алаш ардақтыларының жан ауруы, мұң-шері осы болатын!

(Жалғасы 5-бетте)

БІЛІМ

ҰБТ: БАЛЛ БІЛІМ КӨРСЕТКІШІ БОЛА АЛМАЙДЫ

ҰБТ жайлы еңгіме жыл сайын маусым айында қызады. Бір үйде ата-ана баласының грантка түсуін күтеді, бір мектеп өз түлектерінің орташа балын есептейді, ал қоғам білім сапасына қарап баға береді. Тесттің аты тест болғанымен, оның артында оқушының он бір жылдық еңбегі, мұғалімнің дайындығы, ауыл мен қала мектебінің айырмасы, отбасының мүмкіндігі тұр. ҰБТ-ны тек балл жарысы деп қарасақ, мәселенің жартысын ғана көреміз. 2026 жылғы негізгі ҰБТ 10 мамырда бастады.

Ұлттық тестілеу орталығының 8 маусымдағы аралық қорытындысына сүйенсек, тестілеу басталғалы бері 187 мыңға жуық емтихан тапсырылған. Соның ішінде талапкерлердің 67 пайызы шекті балл жинаған, орташа нәтиже 64-65 балл шамасында болған. Көзге бірінші түсетін дерек, әр үшінші талапкер шекті межеден өте алмаған. Демек, мәселе жеке оқушының жалқаулығында ғана емес. Мектептегі дайындық, репетиторға қолжетімділік, пән мұғалімдерінің жетіспеуі, психологиялық қысым бәрі нәтижеге әсер етеді. 2025 жылғы негізгі ҰБТ қорытындысында 210 мыңнан астам талапкер бақ сынап, 381 мың тестілеу рәсімі өткізілген. Орташа балл 69 болды. Ең жоғары 140 балды Түркістан облысының түлегі Әбілхан Жәнібек жинады, ал 130 балдан жоғары нәтиже көрсеткендер саны 598 адамға жетті.

Биылғы аралық деректе Павлодар облысының түлегі Әсет Альтаир 140 балл жинағаны хабарланды. Екі жылдағы үздік көрсеткіштер әртүрлі өңірден шықты. Яғни, жоғары нәтиже тек ірі қалаларға байланған құбылыс емес, мықты дайындық жасалған жерде ауылдан да, облыс орталығынан да үздік оқушы шыға алады.

Ашық деректерде 2026 жыл бойынша барлық облыстың орташа балы толық берілмеген. Бірақ білім сапасын бір-екі үздік түлек арқылы өлшеу дұрыс емес. Бір аймақта 140 балл алған оқушы болуы мүмкін, ал сол өңірдегі ондаған мектепте физика, химия, ағылшын тілі пәнінен тұрақты мұғалім тапшы болуы ықтимал. Шынайы көрсеткіш орташа нәтиже, шекті балдан өткендер үлесі, ауыл мектептерінің жағдайы, дайындық курстарына қолжетімділік арқылы көрінеді.

Шекті баллдар да қоғамда талқыланатын тақы-

рып. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметіне сай, жоғары оқу орындарына түсу үшін ең төменгі меже – 50 балл. Ұлттық жоғары оқу орындарына – 65 балл, медицина бағытына – 70 балл, педагогика мен құқық саласына – 75 балл қажет. Мұғалім мен заңгер даярлайтын мамандықтарға талаптың жоғары қойылуы орынды. Өйткені әлсіз дайындалған педагог ертең әлсіз оқушы тәрбиелейді, ал құқық саласындағы маманның қателігі адамның тағдырына әсер етуі мүмкін.

2025 жылмен салыстырғанда, 2026 жылғы аралық орташа балл төменірек: былтыр 69 балл, биыл әзірге 64-65 балл. Әрине, 2026 жылғы ҰБТ толық аяқталмай тұрып баға беру ерте. Дегенмен аралық деректің өзі мектептегі білім сапасына салмақты сұрақ қояды. Оқушы тестке дайындалып жатыр, бірақ пәнді терең түсініп жатыр ма? Грант үшін жаттаған білім ертен университетте жеткілікті бола ма? Міне, негізгі мәселе осында.

Академиялық адалдық та ҰБТ-ның ауыр тұсы болып тұр. Бұрынғы жылдары смартфон, smart-сағат, микроқұлаққап, шпаргалка қолдану әрекеттері тіркеліп, кей талапкерлердің нәтижесі жойылды.

ҰБТ нәтижесі құр сан емес. 187 мың тест, 67 пайыз шекті балл, 140 балл алған түлек, 69 немесе 65 орташа балл – бәрі білім жүйесіндегі нақты ахуалды көрсетеді. Балл қуған қоғамнан сапа сұрайтын қоғамға айналу маңызды. ҰБТ сол кезде ғана бір күндік сынақ емес, мектептің шын деңгейін көрсететін өлшемге айналады.

Айерке ДӘУЛЕТБЕК,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Журналистика факультетінің
3 курс студенті

4-БЕТ




Тұтынушылардың
қарызы қомақты

6-БЕТ



Шымкент «ақылды
қалаға» айналар
күн алыс емес

8-БЕТ



Ақ халатты ажал

БАСТАМА

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС – ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРАЛ

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту, қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында өкімшілік заңнамаға бірқатар маңызды өзгерістер енгізілуде. 2025 жылғы өзгерістерге сәйкес, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қоғамдық жұмыстарды өкімшілік жаза ретінде қолдану институты енгізілді. Аталған өзгеріс құқық бұзушыларға тек жазалау шарасын қолданумен шектелмей, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға және тәрбиелік ықпал етуге бағытталған маңызды құқықтық тетік болып табылады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы сот қаулысымен тағайындалады. Істі қарау барысында сот құқық бұзушылықтың сипатын, тұлғаның жеке басын, оның мүлкіктік жағдайын, жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайларды ескереді. Аталған жаза көбіне қоғамдық тәртіпті бұзу, ұсақ бұзақылық, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар, қоғамдық орындарды ластау, әкімшілік құқық бұзушылықтарды қайталап жасау жағдайында қолданылуы мүмкін.

Қоғамдық жұмыстарға тартудың тәртібі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 49-1-бабында дәйектелген. Аталған бапқа сәйкес сот жеке тұлғалардың келісімі болған кезде ғана қоғамдық жұмыстарды негізгі өкімшілік жаза ретінде қолданады. Қоғамдық жұмыстың ұзақтығы сағатпен есептеледі және олар 10 (он) сағаттан 100 сағатқа дейінгі мерзімді қамтиды. Қоғамдық жұмыс уақыты

күніне бір сағаттан аз болмауы және төрт сағаттан көп болмауы тиіс. Әрі ол жұмыстан және оқудан бос уақытта орындалуы, жалпы ұзақтығы төрт айдан аспауға тиіс.

ӘҚБТК-нің 744-бабының 3-бөлігіне сай қоғамдық жұмыстарға тартуға қатысты істерді қарауға өкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамның қатысуы міндетті. Ал осы кодекстің 914-1-бабына сәйкес адамды қоғамдық жұмыстарға тарту туралы сот қаулысы заңды күшіне енгеннен кейін міндетті түрде орындалуы тиіс. Егер қоғамдық жұмыстарды орындаудан жалтарған жағдайда ішкі істер органдары бұл факт бойынша хабарламаны үш күнде қарайды және кодексте белгіленген тәртіппен шара қолданады.

Қоғамдық жұмыстар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын қоғамдық маңызы бар жұмыстарды орындаудан тұрады. Оларға көшелерді тазалау; абаттандыру жұмыстары; қоғамдық орындарды ретке келтіру; көгалдандыру; коммуналдық нысан-

дарды күтіп ұстау секілді жұмыстар жатуы мүмкін. Бұл жұмыстар құқық бұзушының негізгі жұмысынан немесе оқуынан бос уақытында орындалады. Жазаны орындаудан жалтару заңда көзделген қосымша жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасының бірқатар маңызды артықшылықтары бар:

Біріншіден, бұл жаза құқық бұзушыға қоғамнан оқшауланбай-ақ өз кінәсін еңбек арқылы өтеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, айыппұл төлеуге әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға қаржылық ауыртпалықты азайтады. Үшіншіден, қоғамдық пайдалы еңбек арқылы құқық бұзушының тәртібіне оң ықпал жасалып, оның құқықтық санасының қалыптасуына әсер етеді. Төртіншіден, қоғамдық тәртіп пен тазалықты сақтауға нақты қоғамдық пайда әкеледі.

Қорыта айтқанда, қоғамдық жұмысқа тарту – өкімшілік заңнамадағы маңызды жаңашылдықтың бірі. Бұл өкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күресте тек жазалау шарасы ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік және әлеуметтік бағыттағы құқықтық құрал ретінде ерекше маңызға ие.

Айман АЗМУХАНОВА,
Атырау қаласы өкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

«Заң адам пайдасына жазылады» деген өкпен қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханов. Сол айтқандай азаматтар тілегін ескеріп, халықтың пайдасы үшін қолға алынған бастаманың бірегейі өкімшілік әділет институты екені талассыз. Биыл қолданысқа енгізілгеніне бес жыл толған бұл институт көпшіліктің көңілінен шығып, өзіне жүктелген мейкеден табылып отыр.

ЗАҢ АДАМ ПАЙДАСЫНА ЖАЗЫЛАДЫ

Жақында өкімшілік әділет институтының бес жылдығына орай Жоғарғы Соттың бастамасымен ауқымды форум ұйымдастырылып, оған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы қатысуы бұл реформаның ел үшін қаншалықты маңызды екенін аңғарттындай. Осы алқалы жиында Мемлекет басшысы жаңа реформаның жетістіктеріне тоқталып, өкімшілік әділет азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге және мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруда пәрменді құралға айналғанын атап өтті.

Расында еліміздің құқықтық алаңына үлкен өзгеріс әкеліп, сот саласының жұмысына серпін берген бұл жаңашылдық бір күннің нәтижесі емес. Өкімшілік әділеттің бүгінгідей биікке көтерілуі терең ізденіс пен сот саласының тегеурінді ұйымдастыру жұмыстарының жемісі. Себебі, өкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің дайындалып, өкімшілік соттардың жұмысын бір ізге түсіруге көп еңбек, күш-жігер жұмсалды. Жаңа реформаның маңызы мен артықшылығын таныстырып, түсіндіру бағытында кешенді іс-шаралар қолға алынды. Осындай ақпараттық-насихат жұмыстарының басы-қасында да судьялар мен сот қызметкерлері жүрді.

Заңсыз шешімдердің күшін жою, азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қалпына келтіру және азаматтардың мүдделерін қорғау бойынша даулардың басым бөлігі бүгінде азаматтар пайдасына шешіледі. Яғни, өкімшілік әділет мемлекеттік басқару мәдениетін өзгертуге айтарлықтай ықпал етті. Өкімшілік әділеттің қоғамға әкелген жаңалығы бұл ғана емес. Ең бастысы бұл институт мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қатынастарды жаңа деңгейге көтерді. Се-

бебі бұл реформа енгізілгенге дейін мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігіне шағымданып, өз құқығын қорғау қарапайым азаматтар үшін өте қиын еді. Құжат жинау, анықтамалар алу, өзінің уәжін растау қарапайым халықты біраз әуре-салсаңға салатын. Ал қазір жария-құқықтық даулардағы дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктелген. Сәйкесінше мемлекеттік орган өз әрекетінің заңдылығын, негізділігін және әділеттілігін дәлелдеуге міндетті. Сондай-ақ мемлекеттік органдардың ұқсас жағдайларда бірдей шешім қабылдауын көздейтін өкімшілік рәсімдердің бірдейлігі қағидаты енгізілді. Бұған қоса экстерриториялық соттылық енгізіліп, соттағы жүктемені теңестіруге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге жол ашылды.

Соттардың белсенді рөлі күшейіп, судьялардың істің барлық мән-жайын жан-жақты зерттеуіне мүмкіндік берілді. Судьяларға тараптардың ұсынған дәлелдерімен шектеліп қалмай, істің дұрыс шешілуі үшін маңызды бар мән-жайды зерттеу міндеттелді. Сондай-ақ сот актілерін орындамағаны немесе процестік міндеттерді бұзғаны үшін ақшалай өндіріп алу тетігі енгізілді.

Биыл бес жылдық белесіне шолу жасап, ізденісі мен іркілістерін таразы басына салып отырған өкімшілік әділеттің жетістігі, халыққа берген пайдасы басым. Алдағы уақытта оң үрдістерді әрі қарай жетілдіріп, кемшіліктердің алдын алу үшін заңдарды жетілдіру, тәжірибені шыңдау бағытындағы жұмыстар тоқтамайды.

Жазира МҰХАМЕТОВА,
Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық өкімшілік сотының судьясы

ФОРУМ

500 ҒАЛЫМ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ БАС ҚОСТЫ


Алматы облысы Райымбек ауданының 90 жылдығына арналған мерекелік шаралар аясында Қақпақ ауылында білім және ғылым саласында еңбек етіп жүрген ғалымдардың ерекше форумы өтті. Сондай-ақ Жөмеңке орта мектебінде жоғары оқу орындарынан келген оқытушылар, сала мамандары және меценаттар мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдаудың қыр-сырын түсіндіріп, өз тәжірибесімен бөлісті.



TEDx форматындағы кездесулер, шеберлік сабақтары мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, жастар көкейіндегі сауалдарына жауап алды. Онда сондай-ақ робототехника, жасанды интеллект және экологиялық жобалар бойынша оқушылардың ғылыми жобалары, колөнер туындылары қойылған көрме де ұйымдастырылды.

– Біз бұл бастаманы үш ұрпақтың бас қосуы деп атадық. Ғылым мен білім – кемел келешекке нық қадам. Идеяның негізгі бастауы қалада жүріп алыстағы туған жеріне кішкентай да болса көмек қолын созғысы келетін жерлестерімізге мүмкіндік жасау, – дейді шараға ұйытқы болған аудан әкімі Дастан Құдабаев.

Оның айтуынша, форумға осы өңірден шығып, қазір еліміздің түкпір-түкпіріндегі жоғары оқу орындарында, ғылыми салада еңбек кетіп жүрген 500-ден астам ғалым шақырылған. Олардың арасында академик Әділ Ахметов, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Бейбіткүл Кәрімова, Ұлттық ғылым академиясы-



ның академигі Шерубай Құрманбайұлы, фитотерапия бойынша қазақтан шыққан алғашқы медицина ғылымдарының докторы Нұргүл Өтебаева, Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Қайрат Жұманов, Алматы облысының Құрметті азаматы Токқожа Естенов сияқты азаматтар бар.

Мектеп бітіруші түлектермен болған кездесуде Әділ Ахметов: «Айналайын жерлестер, мен осы Нарынқолда туып, мектепте білім алдым. Ұстазым мектепте жүргенде-ақ шетел тілін оқуыма түрткі болды. Алматыға барып қазіргі

Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне түсіп, сол жерде кіші ғылыми қызметкерден ректорлыққа дейін, одан соң Ұлыбританиядағы Елші, ҚР Сыртқы істер вице-министрі, Білім комитетінің басшысы және Қазақ-британ техникалық университетін құрушы әрі сенатор қызметіне дейінгі жолдан өттім. Бұл үлкен еңбекпен келді. Білім алу, елге қызмет ету парызымыз. Мен осы уақыт аралығында туған елімнен қол үзбедім. Ал бүгін қолға алып отырған өңірдегі ғалымдар форумы өте жақсы бастама. Өндіріс пен ауылшаруашылығын ғылыммен ұштастыру керек. Меніңше мұны өңірден шығып, жан-жақта жүрген жерлестеріміз қолдайды және көмектеседі деп ойлаймын, – деді.

Ал Бейбіткүл Кәрімова: «Мен Қарасаздағы мектепте оқыдым. Біздің заманда оқуға түсу оңай болған жоқ. Ата-анам ең құрығанда қарның тоқ жүреді деп Алматыдағы әйгілі Қыздар педагогикалық институтына оқуға түсуге кеңес берді. Өйткені ол жерде студенттерге үш уақыт тегін тамақ беретін еді. Уақыт өте келе өзіме almatate болған – Қыздар университетіне басшы болып келдім. Міне енді туған жерге біз сияқты мамандардың тәжірибесі мен кеңесі керек дегенді естіп қуанып отырмын. Бұл өте жақсы үрдіс» – деді.

Форум барысында Алматы облысы білім басқармасы мен еліміздің 11 жоғары оқу орны арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжаттар білім беру ұйымдары арасындағы байланысты нығайтып, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіруге, ауыл жастарының сапалы жоғары білім алу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланып отыр. Осы оқу орындары енді аудандағы мектептерді аралап, қажетті мамандық иелерін даярлау үшін талапкерлерді өздері де таңдап ала алады.

Алматы облыстық білім басқармасының басшысы Қайрат Жұмановтың сөзіне қарағанда, Райымбек ауданындағы 22 мектепте 5220 оқушы бар. Олардың білім сапасы 70 пайызды, үлгерім көрсеткіші 100 пайызды құрап отыр. Биыл мектеп бітіретін 343 түлектің 55-і «Алтын белгіге», 38-і үздік аттестатқа үміткер. Сонымен қатар, 9-сыныпты аяқтайтын 575 оқушының 92-сі үздік аттестаттан үмітті.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСІН!

Мемлекеттік тілдің мәрежін үстем, қолданыс аясы кең болуы тиіс. Бұл ұстанымның тек сөз жүзінде айтылып, қағаз бетінде қатталып қалмауы бәріміздің тілге деген жанашырлығымыз бен құрметімізге байланысты.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі еліміздің Конституциясында айқындалған. Бас құжатты бағдар еткен мемлекеттік мекемелер қазақ тілінің дамуына, кең қолданылуына бар жағдайды жасап келеді. Осы қатарда еліміздің соттары да бар. Жоғарғы Соттан бастап республикадағы кез келген сотта құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі. «Іс тетігін кадр шешеді» демекші, сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуіне, тілді сауатты қолдануына да жіті мән беріледі. Өйткені сотқа келетін азаматтарды ең алдымен қарсы алатын, сұрақтарына жауап беріп, жол сілтейтін – сот приставтары мен сот қызметкерлері. Осы мамандардың мәдениеті мен әдебіне, тілінің жатықтығы мен сөйлеу дағдысына қарап азаматтар сот жұмысына, соттың бет-бейнесіне баға береді.

Тәжірибе мен шеберлік бір күнде қалыптаспайды. Кәсіби біліктілікті көтеру мақсатында әрбір сотта сот қызметкерлерінің қатысуымен түрлі семинар, тренинг, дөңгелек үстелдер мен дәрістер ұйымдастырылып, азаматтарды жылы қабылдап, сұраныстарын мұқият тыңдаудан бастап, қандай көмек беру керектігі, эмоциялық қарсылықтарға шыдамдылық пен сабырлық таныту қажеттігі жан-жақты түсіндіріледі.

Қазақ тілінің беделін көтеріп, тілді жетік білетін мамандарды ынталандыру мақсатында түрлі байқау, сайыстардың да тұрақты түрде ұйымдастырылатынын айта кеткен жөн. Сот актілерін талапқа сай дайындаған сот мамандарының арасынан үздіктерді анықтау өзгелердің де өз білімін жетілдіруіне, алға ұмтылуына түрткі болатын нағыз мотивациялық қадам. Соттарда қазақтың танымал ақын-жазушыларының мерейтойы атап өтіліп, таланттардың мұраларын жаңғырту, ежелгі салт-дәстүрімізді ұлықтауға бағытталған шаралар да үнемі өткізіледі. Сонымен қатар, республика көлемінде қолға алынған кітап оқу акциясының да сот қызметкерлеріне берері мол. Мамандар мерзімді баылымдарға тұрақты қатысып, соттағы жарқын істерді, өзекті мәселелерді ақпарат құралдарында жариялауда да белсенділік танытып келеді. Бұл өз кезегінде тіл байлығын дамытуға, тілдік қорды көбейтуге ықпал етеді.

Маңғыстау облысының соттарында мемлекеттік тілде қаралатын істер саны артып, жиындар қазақ тілінде өтуде. Осының барлығы судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді дамытуға деген ізгі тілегінің нәтижесі.

Фарида ОРАЗБЕКОВА,
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУДА ҚАТЕЛІК КӨП

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайыловтың айтуынша, өткен жыл республикалық бюджет үшін жаңа Бюджет кодексі аясындағы алғашқы толыққанды кезең болды. Мемлекеттік органдарға көбірек дербестік беріліп, олардың жауапкершілігі мен парламенттік бақылау күшейтілгенімен, күтілген нәтижелерге толық қол жеткізілмеген. Бюджет процесін цифрландыру әлі аяқталмай отыр. Бүгінде республикалық бюджет қаражатының қозғалысы негізінен екінші деңгейге дейін ғана бақыланады. Ал нақты нәтижелер мен тиімділік көрсеткіштері ақпараттық жүйелерде толық көрініс таппаған. Бұған қоса, мемлекеттік органдар арасында деректер алмасу мен ақпараттық жүйелердің интеграциясы жеткіліксіз. Соның салдарынан орталық және жергілікті органдардың мәліметтері кей жағдайларда бір-бірімен сәйкес келмейді.

Жоспарлау сапасы неге төмен?

2025 жылы республикалық бюджет барысында 2,4 триллион теңге көлемінде қаражат қайта бөлінген. Кейбір бюджеттік бағдарламалар бойынша бастапқы жоспардың 90 пайызына дейін өзгертілген. Жыл ішінде жалпы құны 75 миллиард теңге болатын 99 жоба бюджеттен алынып тасталған. Сонымен қатар аяқталуы тиіс 600-ден астам инвестициялық жобаның бестен бірі уақытында аяқталмаған. Бұл жоспарлау сапасының төмендігін және мемлекеттік инвестициялардың тиімділігіне қатысты сұрақтардың сақталып отырғанын көрсетеді.

Үкімет есебіне сәйкес, 2025 жылы жалпы ішкі өнімнің өсімі 6,5 пайызды құрады. Тарихта алғаш рет өңдеу өнеркәсібінің экономикадағы үлесі тау-кен секторынан асып түсті. Жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайыз деңгейінде сақталды. Алайда бұл оң көрсеткіштер бюджет кірістерінен толық көрініс таппады. Жалпы ішкі өнім болжамнан шамамен 9 триллион теңгеге артық қалыптасқанымен, республикалық бюджет кірістері жоспардан 335 миллиард теңгеге төмен болды. Ал салық түсімдері бойынша орындалмау көлемі 730 миллиард теңгеден асты.

Жоғары аудиторлық палата басшысы мұның негізгі себебі ретінде кірістерді шамадан тыс оптимистік жоспарлау мен болжамдау әдістемесінің сақталмауын атады. 2026 жылы төленуі тиіс 154 миллиард теңге салық алдын ала 2025 жылы өндірілген. Сонымен бірге шамамен 900 миллиард теңге көлеміндегі қосылған құн салығы экспорттаушыларға қайтарылмаған. Смайылов мырза квазимемлекеттік сектордың бюджетке тәуелділігі күшейгенін де атап өтті. Былтыр оған 812 миллиард теңге бөлінген. Сонымен бірге мемлекеттік сатып алулар арқылы тағы 1,4 триллион теңге игерілген. Алайда бюджетке қайтарым деңгейі төмен. Кейбір ұлттық компаниялардың дивидендтері бірнеше есе қысқарған. Квазимемлекеттік сектордың жалпы қарызы соңғы он жылда екі еседен астам өсіп, 29,2 триллион теңгеге жеткен.

Өсім мен түсімде сәйкессіздік басым

Жылында қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Еркін Әбіл де экономикалық өсім мен салық түсімдерінің арасындағы сәйкессіздік ерекше назар аударуды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, экономиканың көптеген салаларында өсім байқалғанымен, бұл салық базасының кеңеюіне алып келмей отыр. Бұған түрлі жеңілдіктер мен преференциялардың көп берілуі әсер етуде.

2025 жылы республикалық бюджет шығыстарының орындалу деңгейі 99 пайызға жуықтады.



Алайда жоғары игеру көрсеткіші нақты нәтижеге қол жеткізілді дегенді білдірмейді. Орталық мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген көрсеткіштердің шамамен 5 пайызына қол жеткізе алмаған. Өңірлердегі жағдай одан да күрделі. Даму бюджеттері 98 пайызға орындалғанымен, жоспарланған нәтижелердің үштен біріне қол жетпеді. Жалпы алғанда цифрландыру, ауыл шаруашылығы, су ресурстары, экология және басқа да маңызды салалар бойынша 11 ұлттық индикатор мен 30-дан астам нысаналы көрсеткіш орындалмаған. Бюджет қаражаты тиімсіз пайдалану көлемі бір жыл ішінде 1,7 есеге артқан. Ал қаржылық бұзушылықтар көлемі бірнеше есеге көбейген.

Талқылау барысында сөз алған Мәжіліс депутаты мемлекеттік борыш мәселесіне ерекше тоқталды. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік борыш көлемі 36,4 триллион теңгеге жеткен немесе жалпы ішкі өнімнің 22,8 пайызын құраған. Соңғы бес жылда мемлекеттік борышқа қызмет көрсету шығыстары 2,7 есе өсіп, 2,6 триллион теңгеге жетті. Бұл ретте экономиканың нақты секторын қолдауға бағытталған шығыстар әлдеқайда баяу өсуде. Осы орайда «Ақ жол» фракциясының жетекшісі Азат Перуашев жаңа қарыздардың едәуір бөлігі бұрынғы инфрақұрылымдық нысандар уақытында назар аудартты. Ол келтірген мәліметтерге қарағанда 2025 жылы жаңа қарыздардың 51 пайызы ескі міндеттемелерді қайта қаржыландыруға бағытталған. Оның айтуынша, мұндай үрдіс ұзақ мерзімді перспективада бюджеттің тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін.

Ұлттық қорға тәуелділік азайған жоқ

Перуашев мырза Ұлттық қор қаражатының пайдаланылу жайына да тоқталды. 2025 жылы қордан бюджетке 5,3 триллион теңге көлемінде трансферт бөлінген. Депутаттың айтуынша, бұрынғы уәделерге қарамастан, Ұлттық қорға тәуелділік төмендеген жоқ. Оның үстіне қор қаражатының бір бөлігі көшелерді абаттандыру, саябақтар салу сияқты ағымдағы жобаларға жұмсалған.

Жиындағы пікірталастардың маңызды бөлігі халықтың тұрмыс деңгейіне бағытталды. Бұл орайда сөз алған депутаттар экономикалық өсім көрсеткіштері азаматтардың күнделікті өмірінде сезілуі тиіс екенін атап өтті. Өкінішке орай 2025 жылы инфляция деңгейі 12,3 пайызға жетіп, жоспарланған дәлелден едәуір асып түсіпті. Соның салдарынан халықтың нақты табысы қысқарды. Азық-түлік пен коммуналдық қызметтер баға-

сының өсуі тұрғындардың қаржылық жағдайына қосымша салмақ түсірді. Халықтың әл-ауқаты басты көрсеткіш болуы тиіс. Осы тұрғыда Мәжілістегі Жалпы ұлттық социал-демократиялық партия фракциясының жетекшісі Асхат Рахымжанов бюджеттің орындалғанына қарамастан оның нәтижелері халықтың әл-ауқатына оң әсер етпегенін мәлімдеді. Азық-түлік бағасының қымбаттауы нәтижесінде көптеген отбасылар табысының жартысынан астамын күнделікті тұтыну тауарларына жұмсауға мәжбүр болған. Депутат нақты жалақының төмендеуіне де тоқталды. Ол

Бұл бюджет қаражатының жұмсалыуына қоғамдық бақылауды күшейтеді. Ол сонымен қатар салықтық әкімшілендіру мәселелерін де көтерді. Фракция деректеріне сәйкес, экспорттаушыларға қайтарылған тиіс қосылған құн салығының едәуір бөлігі уақытылы төленбей, бизнес айналымынан шығарылған. Сонымен бірге салық органдарының шешімдеріне қатысты сот дауларының көбеюі кәсіпкерлер мен мемлекет арасындағы сенім мәселесін көрсетеді. Қожаназаров мырза мемлекеттік тапсырмалар жүйесіне де күмән келтірді. Олардың айтуынша, мемлекеттік ұйымдар конкурстан тыс қаржы алып, кейін жұмыстардың елеулі бөлігін жеке мердігерлерге қайта береді. Мұндай жағдайда мемлекет қосымша делдалдық құрылымдарды қаржыландырып отырғандай әсер қалыптасады. Депутат электр энергетикасы мен коммуналдық инфрақұрылымдағы мәселелерге де тоқталды. Бұл орайда тарифтердің өсуіне қарамастан, желілердің тозу деңгейі жоғары күйінде қалып отырғанын атап өткен фракция жетекшісі инвестициялық бағдарламалардың орындалуына қоғамдық бақылауды күшейтеу қажеттігін айтты.

ҚХП фракциясының жетекшісі Магеррам Магеррамов сөз алған сәтінде бюджеттің орындалуын тек игерілген қаржы көлемімен бағалау жеткіліксіз екенін мәлімдеді. Депутаттың айтуынша, республикалық бюджеттің сегіз мәрте нақтылануы мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі кемшіліктерді көрсетеді. Экономика 6,5 пайызға өскенімен, салық түсімдерінің жоспарға толық жетпеуі де алаңдаушылық туғызады.

2025 жылы республикалық бюджет барысында 2,4 триллион теңге көлемінде қаражат қайта бөлінген. Кейбір бюджеттік бағдарламалар бойынша бастапқы жоспардың 90 пайызына дейін өзгертілген. Жыл ішінде жалпы құны 75 миллиард теңге болатын 99 жоба бюджеттен алынып тасталған. Сонымен қатар аяқталуы тиіс 600-ден астам инвестициялық жобаның бестен бірі уақытында аяқталмаған. Бұл жоспарлау сапасының төмендігін және мемлекеттік инвестициялардың тиімділігіне қатысты сұрақтардың сақталып отырғанын көрсетеді.

Халықтың әл-ауқаты – өсім көрсеткіші

Депутат бюджет тұрақтылығы әлі де мұнай кірістері мен Ұлттық қор трансферттеріне тәуелді екенін қынжылыспен айтты. 2025 жылы мұнайға тәуелді емес бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асқан. Бұл мемлекеттік қаржы жүйесінің шикізат секторына байланысы әлі де жоғары екенін көрсетеді. Магеррам Магеррамов мемлекеттік борыштың өсу қарқынына да назар аудартты. Фракция мәліметінше, соңғы жылдары қордан алынған қаражат көлемі инвестициялық табыстан асып түсіп отыр. Осыған байланысты депутат Ұлттық қорды ағымдағы бюджеттік қажеттіліктерді жабу құралына емес, болашақ ұрпақтың стратегиялық резерві ретінде сақтау қажеттігін атап өтті. Бюджет саясатының басты өлшемі игерілген қаржы емес, нақты нәтиже болуы тиіс. Сондықтан Магеррамов мырза да әріптестерін қолдап, әрбір бюджет теңгесінің тиімділігі экономика өсіміне, өндірісті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және азаматтардың әл-ауқатын арттыру нәтижесімен бағалануы қажеттігін мәлімдеді.

Бұл талқы 2025 жылғы бюджеттің атқарылуы бойынша екі түрлі көріністі көрсетті. Бір жағынан, экономика өсіп, әлеуметтік міндеттемелер орындалып, мемлекеттік қаржы жүйесінің тұрақтылығы сақталды. Екінші жағынан, кірістерді жоспарлау сапасы, шығыстардың тиімділігі, мемлекеттік борыштың өсуі, Ұлттық қорға тәуелділік және квазимемлекеттік сектор қызметінің ашықтығы сияқты мәселелер шешімін күтіп тұр. Депутаттар мен аудиторлардың ортақ ұстанымы – бюджет қаражатын игеру деңгейінен бұрын оның нақты нәтижесіне басымдық беру қажеттігі. Өйткені, экономикалық өсімнің басты көрсеткіші статистика емес, қазақстандықтардың әл-ауқаты болуы тиіс.

Бюджет қаржысын мықты бақылау керек

Депутаттың айтуынша, бюджеттің осылайша ірі көлемде өзгертілуі міндетті түрде парламенттік тыңдаулар арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ҚАДАҒАЛАУ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Алматыдағы еңбек инспекторларына жыл басынан бері 5 мыңдай шағым түсіп, заңнаманы бұзған фактілер анықталған. Жауапты департамент өкілдерінің мәліметінше, олардың басым бөлігі еңбекақының төленбөуіне байланысты. Ата Заңға енгізілген өзгерістерден кейін еңбек саласына қойылатын талаптар күшейе түскен. Конституция аясында әрбір азаматтың қауіпсіз еңбек жағдайы, әділ жалақы және әлеуметтік қорғалу құқығы нақты айқындалған. Сондай-ақ жұмыс берушілердің жауапкершілігі артып, еңбек заңнамасын сақтауға бақылау күшейтілген.

«Алматы қаласында 472 жоспардан тыс тексеру ұйымдастырылған. Осы тексерулер нәтижесінде 496 еңбек заңдылығы бұзылған. Осыған байланысты

департамент тарапынан 318 орындалуға міндетті нұсқама мекемелерге, кәсіпорындарға берілді. Соның нәтижесінде 244 заңды тұлғаға шара қол-



данылды», – деді Еңбек инспекциясы комитеті Алматы қаласы департаменті

басшысының орынбасары Қасымбек Сайлауов.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

«ҚР аумағында еңбек құқығы Ата Заңда және Еңбек кодексінде жеткілікті түрде қорғалған. Қызметкерлердің жалақысы, еңбек демалысы, қауіпсіздігі деген мәселелер нақты айтылған. Біздің заңымыз халықаралық стандарттарға сәйкес деп айта аламыз», – деді Адвокаттар алқасының адвокаты Файзулла Смағұл.

Дегенмен, мамандар пікірінше заңның тиімділігі тек қабылдануымен емес, оның орындалуымен өлшенеді. Еңбек қатынастарында заң талаптары толық сақталған жағдайда ғана өзгерістер нақты нәтиже береді. Ал бұл жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтық мәдениетіне де байланысты көрініс табады.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ЗАМАНА СҮЗГІСІНЕН ӨТКЕН КӘСІБИ ИНСТИТУТ

Алқабилер соты институты – қоғам өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылатын сот төрелігінің ең көне нысандарының бірі. Тарихи тұрғыдан оның пайда болуы қылмыстық істерді объективті әрі әділ қарауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сот төрелігін жүзеге асыру процесіне мемлекеттік биліктің негізсіз араласуын шектеу қажеттілігімен байланысты.

Алқабилер институтының алғашқы белгілері ежелгі Афина мен ежелгі Римде белгілі болған, онда істердің жекелеген санаттары корольдік алқабилердің қатысуымен қаралған. Олардың классикалық үлгісі Англияда XII ғасырда король Генрих II билік еткен кезеңде қалыптасты.

1166 жылы Кларендон ассизасының қабылдануы нәтижесінде қылмыс жасады деп күдік келтірілген тұлғалар туралы корольдік сотқа мәлімет беруге ант қабылдаған жергілікті тұрғындар тобының қатысуын көздейтін жүйе енгізілді. Аталған тұлғалар қазіргі алқабилердің бастапқы үлгісі болып табылды. Алғашқы кезеңде олар куәлар және істің нақты мән-жайлары туралы мәліметке ие жергілікті қауымдастық өкілдері ретінде қызмет атқарды.

Алқабилер институтының пайда болуы орта ғасырларда қолданылған дауларды шешу және кінәлілікті анықтау тәсілдерінен, соның ішінде сот жекпе-жектерінен, ордалилардан (сынақтардан) және объективті түрде істің мән-жайларын анықтауды қамтамасыз етпейтін өзге де «Құдай соты» нысандарынан бас тарту қажеттілігімен байланысты болды.

Кейіннен алқабилер соты институты ағылшын құқық жүйесінде дамып, жеке адамның құқықтарын қорғаудың маңызды кепілдіктерінің біріне айналды.

Біртіндеп оның қызметінің негізгі қағидаттары қалыптасты:

- алқабилердің тәуелсіздігі;
- кінәлілік мәселесін сотта зерттелген дәлелдемелер негізінде шешу;
- тараптардың жарыспалылығы;
- кінәсіздік презумпциясы;
- мемлекеттік органдардың үкім қабылдау процесіне араласуына жол бермеу.

Алқабилер институтының дамуына 1215 жылғы Бостандықтардың ұлы хартиясы (Magna Carta) ерекше ықпал етті. Аталған құжатта тұлға тек өзіне тең адамдардың заңды шешімімен және ел заңына сәйкес болса ғана жазаға тартылуы мүмкін екендігі бекітілді.

Кейіннен алқабилер соты институты АҚШ, Франция, Ресей және басқа да мемлекеттердің құқықтық жүйелерінде кеңінен таралды.

Ресей империясында алқабилер соты император Александр II жүргізген 1864 жылғы сот реформасы нәтижесінде енгізілді. Аталған реформа тәуелсіз сотты құруды, сот талқылауының жариялылығы мен жарыспалылығы қағидаттарын енгізуді, сондай-ақ қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуын көздеді.

Ресей империясында алқабилердің қатысуымен алғашқы қылмыстық іс 1866 жылы Мәскеу округтік сотында қаралды. Алқабилер сотының енгізілуі қоғамның сот төрелігіне деген сенімін



Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ,
Павлодар облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы

арттыруға және айыпталушылардың құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған сот жүйесін дамытудың маңызды кезеңі болды.

Қазіргі түсінікте алқабилер соты – сотталушының кінәлілігі туралы мәселе қоғам өкілдері болып табылатын алқабилер алқасымен шешілетін, ал кәсіби судья сот процесін жүргізіп, құқық нормаларын қолдану мәселелерін шешетін сот төрелігін жүзеге асыру нысаны болып табылады.

Алқабилер институты бірқатар мемлекеттерде, соның ішінде Қазақстанда қолданылады, онда ол негізінен аса ауыр қылмыстарға байланысты қылмыстық істердің жекелеген санаттарын қарау кезінде пайдаланылады.

САРАП

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі. Себебі біздің банктер экономикаға несие бергеннен гөрі, қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға ақша салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр. Ұлттық банк пен Үкімет банктердің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табуы қажет. Енді бұл мәселені созуға болмайды, шұғыл шешу қажет», – деген еді.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЫЗЫ ҚОМАҚТЫ

Нәтиже көп күттірмеді. Қазақстанда тұтынушылық несиелердің өсу қарқыны қаржы реттеушілерінің енгізген шектеу шараларынан кейін баяулап, бизнес берілетін несиелер керісінше жоғары қарқынмен өсе бастады. Нақты айтқанда бизнеске берілетін несиелер биыл 18 пайызға дейін жетіп отыр.

Бытыр Қазақстандағы екінші деңгейлі банктердің жалпы несие қоржыны 43,5 трлн теңгеге жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 21,3 пайызға ұлғайған болатын. ҚР Қаржыгерлер қауымдастығының несиелеу нарығына жасаған шолуына қарағанда, екінші деңгейлі банктердің биыл халыққа несие беруі алғашқы тоқсанда былтырғы сәйкес кезеңмен (9%) салыстырғанда 4,4 пайызға дейін төмендеген. Жоғары пайыздық мөлшерлемелер, халықтың нақты кірістерінің төмендеуі және макропруденциалдық реттеудің күшеюі аясында бөлшек несиелеу несие нарығын кеңейтудің негізгі қозғаушы күші болудан қалып барады.

Ұлттық экономика вице-министрі Азамат Әмириннің айтуынша, елімізде 8,95 миллион қарыз алушының 39,4 миллион тұтынушылық несиеі бар. Егер елдегі экономикалық жағынан белсенді халық саны 9,8 млн адамды құрайтын ескерсек бұл ешкімді де болса бейжай қалдырмайтын жағдай. Мәселен, алғашқы тоқсанда 25 триллион теңгеге жеткен банк секторындағы несиенің 10 триллион теңгеден астамын тұтынушылық несиелер құрады. Ал Бірінші несие бюросының талдау орталығының мәліметі бойынша, жыл басында қазақстандықтардың барлық қаржы ұйымдары алдындағы жиынтық берешегі 27,5 триллион теңгені құраған.



Соңғы жылдары халыққа берілетін несиелер жыл сайын 30 пайызға дейін өсіп келгенін Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов те жоққа шығармады. Оның айтуынша, несиелер 5-9 жылға дейін беріліп, қаржы институттарында ай сайынғы төлем мөлшерін азайту арқылы шектеулерді айналдырып өту мүмкіндігі болған. «Ештен кеш жақсы дегендей» Ұлттық банк Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірге тұтынушылық несиелеуді шектеуге бағытталған бірқатар шараларды қабылдады. Бұдан бөлек салықтық өзгерістер енгізілді: енді банктердің халыққа берген несиеден түсетін табысына 25 пайыз салық салынады, ал бизнеске берілетін несиелер бойынша корпоративтік табыс салығы 20 пайыз деңгейінде сақталған.

Ұлттық банктің мәліметінше, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қарыз алушының табысқа шаққандағы қарыз коэффициентінің (ҚТҚК) шекті мәні енгізіледі. Сондай-ақ, ҚТҚК қарыз алушының берешегінің көлемін оның бір жылдық табысына шаққандағы мөлшермен көрсетеді. Бұл көрсеткіш жоғары болған сайын, адамның қарыз жүктемесі артып, төлем қабілетсіздігі қаупі көбейеді. Қазіргі қолданыстағы қарыз жүктемесі коэффициенті сияқты, жаңа көрсеткіш те несие беру туралы шешім қабылданар алдында есептеледі.

Экономикаға екінші деңгейдегі банктер берген несиелер қоржыны сәуірде 40,6 трлн теңгені құрады. Атап айтқанда ұлттық валютадағы несиелер 36,9 трлн теңгеге (0,7%), шетел валютасындағы несиелер 3,7 трлн теңгеге (1,5%) дейін өсті. Яғни, ондағы өсім жыл басынан бастап 1,1 пайызды құрады.

2026 жылғы сәуірде екінші деңгейдегі банктер 3,4 трлн теңгеге жаңа несиелер берді. Бұл 2025 жылғы сәуірмен салыстырғанда 0,6 пайызға артық. Ал бизнес субъектілеріне несиелер қоржыны сәуірде 15,3 трлн теңгеге (0,5%) дейін ұлғайды.

Сәуірде бизнес субъектілеріне 1,9 трлн теңге сомаға жаңа қарыздар берілді. Бұл 2025 жылғы сәуірмен салыстырғанда 6,4 пайызға артық. Ал халыққа берілген несиелер қоржыны 25,3 трлн теңгеге (0,9%) ұлғайды. Оның ішінде тұтынушылық қарыздар 17,0 трлн теңгеге (0,8%), ипотекалық қарыздар – 7,2 трлн теңгеге (1,9%) дейін ұлғайды.

2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша банк секторында төлем мерзімі 90 күннен астам берешегі (NPL90+) бар қарыздар деңгейі несие қоржынының 4,1% немесе 1,8 трлн теңгені құрады. Халыққа берілген несиелер қоржынындағы мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 4,8% немесе 1,2 трлн теңгені құрады. Бизнес субъектілеріне берілген кредиттер портфелінде NPL90+ қарыздарының деңгейі 3,3% немесе 594 млрд теңгені құрады. Дегенмен жұмыс істемейтін қарыздарды провизиялармен жабу жоғары деңгейде (62,1%) сақталуда.

Жалпы, 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстанның банк секторында екінші деңгейдегі 23 банк бар. Оның 14-і шетелдіктердің қатысумен жұмыс жасайды. Бұлардың 10-ы еншілес банктер. Банк секторының активтері 71,3 трлн теңгені құрайды. Оның 28,5 пайызы өтімділігі жоғары активтер. Бұл екінші деңгейлі банктерге өз міндеттемелеріне толық көлемде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ АҚПАРАТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Батыс Қазақстан облысының басшысы Нариман Төреғалиев бастаған делегация Қытай Халық Республикасының Ляонин провинциясына жасаған жұмыс сапары аясында Цзиньчжоу қаласына барды. 2 мың жылдан астам тарихы бар шежірелі шаһар Қытайдың солтүстік-шығысында, Бохай шығанағының жағалауында орналасқан.

Бүгінде мұнда 3 миллионға жуық адам тұрады. Стратегиялық маңызы бар портты қала құрлық пен теңіз қатынастарында әлеуеті жоғары халықаралық торап ретінде ірі сауда орталығына айналып келеді.

Өңір делегациясы өндірістік нысандарды аралап, озық технологиялармен танысты. Алғашқы екіжақты ынтымақтастық кездесу PetroChina Jinzhou Petrochemical Company кәсіпорнында өтті. Компанияның атқарушы директоры Юань Цинбинь зауыт тарихы мен әлеуетін таныстырды. Жылдық табысы 30 млрд юаньнан асатын кәсіпорында 6 мыңнан астам жұмысшы еңбек етеді. Отын-химия кешені электромобиль батареялары мен болат балқыту пештеріне аса қажет жоғары төзімді көміртекті материал өндіру көлемі жөнінен әлем бойынша көш бастап тұр. Компания смартфондар мен компьютер чиптерін тазалауға арналған G3 және G5



класты электронды техникалық спирт шығарып, Қытайдың жоғары технологиялық өнеркәсібін импортқа тәуелділіктен арылтты. Цифрлық шешімдер енгізуде де озық тәжірибе қалыптасқан, өндіріс толық автоматтандырылған.

Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Тілепберген Каюпов аймақтың инвестициялық әлеуетін таныстырып, өңір экономикасын әртараптандырудың маңызына тоқталды.

А.МӘУЛЕНБАЙ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ



Бесқарағай ауданының орталығы Бесқарағай ауылында заманауи балалар ойын және спорт алаңы пайдалануға берілді. Салтанатты шараға облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

Жоба ауданның тумасы, кәсіпкер әрі меценат Ернат Ергалидың демеушілігімен жүзеге асырылды. Кешен құрамында балалар ойын алаңы, шағын футбол алаңы, воркаут және спорттық жаттығу алаңдары қарастырылған. Барлық нысандар заманауи талаптарға сәйкес жабдықталып, қауіпсіздік талаптары ескерілген. Бұл нысан балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік береді.

Салтанатты шара барысында құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі жоба өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға,

бұқаралық спортты дамытуға және ауылдық жерлердегі әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға үлес қосатынын атап өтті.

«Бүгін біз ел игілігі жолындағы тағы бір маңызды әлеуметтік нысанның ашылуына куә болып отырмыз. Бұл – туған жерге деген шынайы жанашырлықтың, азаматтық жауапкершіліктің және әлеуметтік серіктестіктің жарқын үлгісі. Мемлекет басшысы әрдайым бұқаралық спортты дамытуға қолдау білдіріп, балаларға қолайлы орта қалыптастыру мәселесіне үнемі ерекше назар аударып келеді. Президенттің бастамасына халық арасынан шыққан, белсенді азаматтар да үн қосып жатыр. Соның бір жарқын көрінісі ауылда ашылғалы отырған ойын алаңы деп айтсақ болады. Осы игі іске ұйытқы болған, осы ауылдың тумасы Ернат Ергалиға облыс жұртшылығы мен ауыл тұрғындары атынан шынайы ризашылығымды білдіремін. Заманауи талаптарға сай жабдықталған бұл нысан балалар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік береді. Жаңа нысан ауыл балаларының қуанышына, тұрғындардың игілігіне ұзақ жылдар қызмет етсін!», – деді Берік Уәли.

Жаңа спорт нысанының ашылуы ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш болды. Енді ауыл балалары заманауи талаптарға сай алаңда жаттыға алады.

Е.КЕБЕКБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, қазақтың әрбір өңірі, қай қиыры болсын ата-бабамыздың тыным-сыз күресі, судай аққан, теңіз болып төгілген қанының арқасында келген! Міне, ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Қазақстанды Алтын Орданың заңды мұрагері» ретінде жариялауының мәні мен маңызы да осында!

Яғни, Президентіміз қазақ тарихын тағы үш ғасырға ұзартып отыр; ұзартып қана қоймай, бүкіл дүние жүзі елдерінің көзқұртына айналған, аласапыран заманда мықтылығын мойындатып, жарты әлемді бағындырған айбынды Алтын Орданы – тікелей мұрагер жұртымыз деп жүрек жұтқан батыл байлам жасады. Бұл дегеніміз, қазақтың осыншама ұланғайыр жерді иеленуінің кездейсоқ емес екенінің дәлелі. Бұл дегеніміз, ендігі жерде қазақтың елі мен жеріне ешкім көз алартып қарай алмайды, өз жерін өзіне көпінбейді деген сөз. Жасыратын түгі жоқ, империяны билеген Сталин қазақтың өз жерін өзіне көп көріп, қолдан ашаршылық, репрессия жасап, қазақ жерін қазақтан тазартуға жанталасты, оның залым жоспарының толық жүзеге асуына сәл-ақ қалды. Империяның одан кейінгі билеушілері де қазақ жеріне сұғын қадаумен келгені белгілі. Бұл тұрғыдан Н.Хрущевті еске алсақ та жеткілікті. Ол Политбюроның үлкен пленумында Қазақстанның астықты бес облысына Ресей құрамына енгізу туралы шешімін жариялады. Егер Ж.Тәшеновтей жұртының адал қайраткері табанды түрде қарсы шықпағанда, бұл сұм ниеттің кәдеге асып кетуі әбден мүмкін болатын. Өйткені, бұл Кремльдің әлдеқашан ұйғарып қойған шешімі еді. Енді тек политбюро мүшелерінің мақұлдауы ғана қалған-ды. Н.Хрущев ешбір қазақтың бас көтеріп, уәж айта алмайтынына қаты сенімді еді, сұрапыл аштық, қантөгіс қырғын репрессиядан кейінгі жылдарда қазақтың ар-намысы жаншылып, аяқасты болғандай еді, империяның ендігі жерде қазақтың жерін талапайға салып, бөлшектеуі ғана қалған!

Бірақ, аталы жұрттың рухы біржолата жойылмапты, аса жауапты, елдігіміз құрдымға кетпелі тұрған мезгіл туған шақта сол өр намысымыз жарқ етіп, қайта оянып, қасиетті жұрттың рухы көкке шарықтап көтерілді! Ел намысын жұрттан Жұмабек Тәшеновтей перзентіміз жарқ етіп, тарих сахнасына көтерілді. Көтеріліп қана қоймай, аузынан жалыны шыққан қаһарлы империяның көмейіне құм құйды. Н.Хрущевтай адуынды басшының аузын ашырмай, В.Лениннің «Жер туралы декретін» алға тартып, білімі таяз ұрда-жық дәрекі басшының осал тұсын тап басты. Осылайша Ж. Тәшеновтің батыл қимылының, қисынды уәжінің арқасында дәл керек жерде Алаш рухы қайта оянып, жарқ етті, билеуші империяның өр кеудесін басып, дегенін орындатты! Бұл қазақ деп аталған ұлы жұрттың рухы ешқашан өлмегендігінің, нағыз қажет тұста жарқ етіп көрініс беретіндігінің айқын дәлелі болатын.

Осы орайда, бір ғана нәрсені үлкен сеніммен айта алар едік, жалпы қазақ деген адал ниетті жұрттың, жомарт жүректі, дархан пейілді елді әрқашан періштесі қорғап, сүйеу болып келген секілді. Қаншама қантөгіс соғыстар, елді мольның жайлаған сұрапыл аштық, ұлттымыздың бас көтерерлерін қинайды қырған зұлмат репрессия болса да елдің рухы өлмеді. Осының бәрі қазақты қыруға, жер бетінен біржолата аластауға құрылған сұм жоспар болғанымен, қазақ жұртының жұрнағы жанын сақтап қалыпты, халықтың асыл тұқымы біржолата өшпепті.

Жер бетінен біржолата аластатылған, түп-тұқиянымен жойылып кеткен, із-түзсіз өшіп кеткен қаншама жұрт бар. Ал тағдыр жолында ғасырлар бойы қаншама зұлмат соғыс, жұт, ашаршылық бәрін сатылап, үздіксіз кешіп келген қазақтың аман қалуы, шынында да таңқаларлық. Осыдан кейін «Жаратушы құдыреттің айрықша назарында болған жұртпыз-ау» деген уәжге тоқталып, тәубеге келетін, осы көрген күнімізге мың шүкірлік айтатын кезіміз көп. Міне, дәл осындай күйді Президентіміздің Алтын Орда туралы жариялауымен оқып, бақымыздан кешіп отырмыз.

Өрине, көпшілікте «бұл ақиқат неге осы уақытқа дейін айтылмай келді, неге ертерек жарияланбады?» деген сұрақтар туындауы әбден мүмкін. Біздіңше, көреген басшымыз мұндай батыл қадамға дер кезінде барып отыр, бұл әбден пісіп жетілген, өз уақытын күткен шешім болатын. Алтын Орда мемлекеттігінің абыройын иеленгісі келетін империялар, елдер аз емес екенін естен шығармайық. Қытай мен Ресейдің өзі Алтын Орда шапағатымен шаңырақ тіктегенін айтумен келді, оның үстіне, бүкіл әлем осы уақыттарға дейін Алтын Орда билеушілерін де, Ұлы Дала империясының негізін қалаған Шыңғыс ханды да моңғол деп танып

келді. Бұл төңіректе дау-дамайлар әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бүкіл дүниенің назарында тұрғандықтан, Президентіміз жеті рет өлшеп, бір кесіп, шешім шығаруына белгілі бір уақыт керек еді. Сондықтан, мұның бәрі алдын ала ойластырылған, сан толғаудан өтіп, сүзілген, сан алуан сараптамалардан өткен оң шешім болғанына зәредей күмәніміз болмауға тиісті. Ең бастысы, күпті көңілдер орнықты, жүрегімізді кернеген қуаныштың қайыры болсын деп тілейік, Алтын Орда өзінің нағыз мұрагер жұртымен қауышты.

Еліміздің Президенті Қ.Тоқаев осы



АЙБАРЛЫ АЛТЫН ОРДА НАҒЫЗ МҰРАГЕР ЖҰРТЫНА ОРАЛДЫ

батыл қадамымен өз елімізде ғана емес, әлем жұртшылығы алдында өзінің аса көреген саясаткер, мемлекеттік дәрежедегі аса биік деңгейлі қайраткер екендігін тағы бір жарқырата дәлелдеп берді. Біздің бұл анықтамамызға бәрі де сияды; оның жүйрік саясаткерлігінің үстіне, елінің тарихын терең білетіндігі, халқының арғы-бергі өткенін жақсы біліп қана қоймай, өз саясатымен ұптастыратын, жұртының, әсіресе, жас ұрпақ болашағы жолында кәдеге асыруға қабілетті аса ұшқыр ойлы көрегендігіне, жан-жақты білімпаздығына, сұңғыла қайраткерлігіне көзіміз жете түсіп, танып отырмыз. Енді біздер үшін бұл қуаныштың маңыздылығына, сонымен бірге, Президент шешімінің дұрыстығы, әділетті екендігі туралы азды-көпті ой-қозғарсымызды білдіре кетейік.

Иә, дүние жүзінің көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттері таласып, өздерінің тарихына Алтын Орданың қатыстылығы туралы даурығысып, ғалымдары құлаш-құлаш еңбектер жазып, әлемге дәлелдеуге тырысып жатқанда, Алтын Орданың біздікі екендігін дәлелдеп, тілге тиек етерлік деректерді, осы тұрасындағы аз-маз ойларымызды ортаға сала кетейік. Өрине, бұл туралы қаулап жүрген тарихшыларға таласымыз жоқ, бірақ кез келген ел азаматының ел тарихына бейтарап қарай алмасы анық. Әсіресе, мәселе болашақ жас ұрпағымыздың тәрбиесі үшін бұл тақырыптардың маңыздылығына тірелгенде ешқайсысымыздың да жайбаракат қала алмасымыз анық. Осындайда кеңес дәуірінде қазақ тарихының қолжаулыққа айналып, көкпардың серкесіндей тартқылаған тақырыпқа айналғандығын еріксіз еске аласың. «Бұл қазақтың тарихы – қалың тарих, оқулығы жұп-жұқа бірақ-тағы», – деп Қадыр ақын жұрлағандай, кеңестік идеологияның ықпалымен жазылған жұп-жұқа оқулық қазақтың шынайы тарихы еместігі өз алдына, бетімізге шіркеу болған мазак тарих болатын. Оның ішінде, бұрынғы тарихтың ныспысы да жоқ, тек Ұлы Отан соғысы батырларының ғана аты аталатын; онда да санаулы ғана, он алтыншы жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің батыры Амангелді Иманов, қазақтың батыр қыздары Әлия мен Мәншүк, Сұлтан Баймағанбетов, Нұркен Әбдіров, тағы сол секілді біраз батырлардың аттары аталған болатын. Жалған тарих дейтініміз, Бауыржан Момышұлы сияқты қас батырдың, Рейхстагке тұңғыш түтіккен Рахымжан Қошқарбаев сияқты қаһарман перзенттеріміздің нақты тарихи орындары ашылмай, батырлық, қаһармандық тұлғалары айқындалмай, бетінен қалқып қана жазылды. Олардың жүрек жұтқан ерліктері тарихтан әділетті бағасын ала алмай келді, бір ұрыста ғана көзге түскен жауынгерге беріліп жатқан батырлық атақ олардың соғыстың басынан аяғына дейін танытқан сан мәртебе ұрыс қимылдары, жанқиярлық ерліктері үшін қасақана берілмеді. Сөздің қысқасы, соғыс қазақ жерінде өтпесе де, жанқиярлық ерліктерімен көзге түскен қазақ батырларының жүрек жұтқан ерлігі туралы қасақана төмендетіп жазылды, бұған біз, әсіресе, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген жылдарда көзімізді жеткізе түстік.

Жалғыз Екінші дүниежүзілік соғыс туралы ғана емес, жалпы қазақ тарихы кемсітілген қалпында жарық көрді, хандарымыз бен батырларымыздың тарихи орындары айқындалған жоқ. Ол оқулықта Алтын Орда былай тұрсын, Қазақ Ордасы туралы әділетті сипаттама болған жоқ. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей, Жәнібектер, одан кейін елдігімізді нығайтқан ескі жолды Есім хандардың, қасқа жолды Қасым хандардың ел заңын шығарып, мемлекеттің іргесін нығайтқаны, Әз Тәуке ханның әйгілі Жеті Жарғысы туралы мүлде айтылмады. Егер бұлар

тәуелді жұрт болғандықтан, бұл мағлұматтар ресми түрде бекітіліп, мемлекеттік деңгейде мойындалмады, сол ғұламаларымыздың еңбектерінде шектеулі күйінде қалып қойды. Дегенмен, сол заманмен өлшегенде, мұның өзі аз табыс емес еді. Өйткені, сол ғалымдарымыздың өрлеуімен елдігімізді айқындайтын жарқын ойлар аздап болсын жұртымыздың жүрегіне сәуле түсіре бастағандығы анық. Осындай прогресшіл ойлар ақырындап өрістей келіп, міне, мемлекеттік маңызды шешімдерге жол ашты. Президентіміз, өрине, ең алдымен осындай маңызды қадамға бармас бұрын, ғылыми зерттеулерді зерделеп, сараптап, салмақтап шыққандығы анық.

Ұлытауда сүйегі жатқан Жошыны жай әшейін еске алып отырған жоқпыз. Бір ғана Жошының есімінің аталуымен талай тарихымызды тас қылып бекітіп қана қоймай, абырой-беделін аспанға шарықтатуға құдіретіміз жетер еді; Жошы хан қазақ ұлысының немесе Қазақ Ордасының негізін салып қана қойған жоқ, ол Алтын Орда мемлекетінің де іргетасын қалады деуімізге толық негіз бар. Бәлкім, Алтын Орда деп әлі атала қоймағаны болмаса. Дегенмен, Жошының мемлекеттік жүйесі Алтын Орданың өрістеуіне себепкер болды, оның төл перзенті, даңқы жер жарған

Жалғыз екінші дүниежүзілік соғыс туралы ғана емес, жалпы қазақ тарихы кемсітілген қалпында жарық көрді, хандарымыз бен батырларымыздың тарихи орны айқындалған жоқ. Оқулықта Алтын Орда былай тұрсын, Қазақ Ордасы туралы әділетті сипаттама болған жоқ. Қазақ хандығының негізін қалаған Керей, Жәнібектер, одан кейін елдігімізді нығайтқан Есім хан, Қасым ханның ел заңын шығарып, мемлекеттің іргесін нығайтқаны, Әз Тәуке ханның әйгілі Жеті Жарғысы туралы мүлде айтылмады. Егер бұлар туралы жазылса, қазақтың елдігі жария болатындай болды. Үш жүздің басын біріктірген әйгілі Абылай хан, жалпы хан-сұлтан атаулы «қанішер», «залым», «елін сорған қаскүнем билеуші», «бұзақы», өз халқына жау тұрғысында таныстырылды. Біз осындай жарымжан, бижара тарихпен тәрбиеленіп жетілдік.

туралы жазылса, қазақтың елдігі жария болатындай болды. Үш жүздің басын біріктірген әйгілі Абылай хан, жалпы хан-сұлтан атаулы «қанішер», «залым», «елін сорған қаскүнем билеуші», «бұзақы», өз халқына жау тұлғалар тұрғысынан таныстырылды. Біз осындай жарымжан, бижара тарихымызбен тәрбиеленіп жетілдік. Жетілдiк дейміз-ау, сол тарихымызбен қорлық кешіп, дүниедегі сорлы, өз алдына ел бола алмаған жұрт екенбіз-ау деген түсінік-таным санамызға берік орнықты. Ел билеуші хандарымыз қолынан түк келмеген, қарақан басын күйттеген, өз халқын қырған қорқау қанішер, залымдар екен! Билеріміз шеттерінен паракор, залым, қу, алаяқ болыпты!

Осындай тарихыңды оқығаннан кейін оған деген құрмет қала ма? Ондай тарихқа құмартып, қызығып өспек түгілі, салқын көзқарас қалыптасып қалмай ма? Міне, «тендік», «бостандық», «бірлік», «ынтымақ» деп ұрандатқан кеңестік идеологияның тәрбиелік ұлағатының түрі осы болды! Өз халқынан безіндірген, өз тарихынан түңілдірген, ұлтына қарсы қойған, халқының қадір-қасиетін төмендетіп, надан етіп көрсеткен идеологияның сықпыты осы болды! Міне, Ел Президентінің Алтын Орда туралы жариялауының осы тұрғыдан өрелеп, бағалай алуымыз керек! Осы тұрғыдан өлшеп, сараптай алсақ, оның қадір-қасиеті еселеп артатынын болжаймыз.

Ал «Алтын Орда мұрагері – қазақ жұрты» екендігіне сан түрлі дәлеліміз жеткілікті. Бұған дәлелді саналуан тарихи еңбектерді ақтармай-ақ қазақ даласының кез келген қиырына көз салып, тарихи ескерткіштерін саралап, байыптасып, салыстыра зерделесен, жетіп жатыр. Қазақ даласы сонау көне дәуірлерден қалған мұраларға тұнып тұрғандығын кез келген қазақ баласы сайрап айтып бере алады.

Мысалы, бүгінгі Алтын Орда мәселесі қозғалмай тұрып-ақ, Қазақ Ордасының негізі Жошы ханның тұсында қаланғандығы туралы мәселе арақиді көтеріліп келді. Бұл туралы кезінде Ә.Марғұлан сияқты тарихты терең білген ғұлама академиктеріміз еңбектерінде жеңі атап, қозғап кеткен болатын. Өткен, Кеңес Одағының құрамындағы

Тоқтамыс хан Алтын Ордадағы өз билігін бекіте түспек болып, 1382 жылы Мәскеуді өртеді. Солтүстік пен Батыста Ақсақ Темірдің басқыншылық шапқарына Алтын Орда мемлекеті кедергі жасады. Әмір Темір мен Тоқтамыс хан арасындағы шешуші шайқас 1395 жылы болды. Бұл туралы Сыпыра жырау өз толғауларында дәл көрсетеді. Алтын Орда тарихында Ақсақ Темірмен болған соғыс ауыр тиіп, ақыр аяғы алып мемлекеттің күйреуіне әсер еткені белгілі. Алтын Орданың ыдырауына әртүрлі халықтардың жиі жанжалдасуы; билік үшін таластың күшеюі; езілген халықтың наразылығының көбеюі түрткі болған.

Әмір Темір әскерінің 1389–1391 және 1395 жылдардағы жорығының нәтижесінде Алтын Орда талқандалды. Біздің ойымызша, өзге кездейсоқ империялардың аяқасты күшейіп кетуіне жол ашқан тарихтағы орны толмас үлкен қателік осы болатын. Аңдаспаңыз, бір Көк Түріктің ұрпағы бауырлас жұрттар бір-бірінің түбіне жетті; бұдан Ақсақ Темір ұтқан жоқ, оның да империясы көп ұзамай күйреді. Өйткені, өшпенділік өшпенділікті өрістеді, жауыздық жауыздыққа жол ашты. Тоқтамыс пен Ақсақ Темір қаны бір бауырлас жұрттың өкілі еді, олар өзара соғыс арқылы жазықсыз жұртты қанға бөктіріп, жауласу арқылы бірігіп ұйысуға тіс, бір кездердегідей даңқты іргелі мемлекет құрауға мүмкіншілігі мол елдерді бір-біріне айдап салып, мағынасыз соғысқа жол ашты. Тоқтамыс та, Ақсақ Темір де өз дәуірінің ұлы перзенті болатын, өткен, ортақ мәмілеге келе алмады. Олар басқарған жұрттың өзара келісімге келе алмауынан, бауырлас, туыстас елдердің бір-бірін қырған соғысқа жол бергенінен тарих тегершіл теріс айналып, болашағы бұлдыр тұман астында қалды. Бұл тарих талкегі ме әлде адам тағдырының оп-оңай тәлкекке айналуы ма, қалай бағалау өз еркіңізді!

Көне дәуір тарихшылары Алтын Орданы «Дала Римі» деп атапты. Бұл сөздің де жаны бар. Рим тарихы, өрине, әлем тарихында үнемі алдыңғы орын иеленеді, бәріміз де оны дүние жүзінің өркеніет бастаушысы, тұңғыштардың тұңғышы, көне мәдениеттің тұңғышы деп таныдық. Өрине, сол Римнің төрінде біздің Еділ бабамыз (Аттила) қалың әскерімен ат ойнақтатқанын, жаулап алып, салық төлеттіруге мәжбүр еткенін әңгімелесек, ол басқа тақырып. (Бірақ Алтын Орда бастамасымен түбі оған да келмей қоймайтын, толық айқындалып, сарапталуға тиіс, кезегін күтер үлкен ауқымды тақырып!) Алтын Орда – біздің ата-бабамыздың жүрек түбіндегі шемен боп қатқан қайғысы ғана емес, сонымен бірге, тарихымыздың асқақтаған өркеніет дәуірі болатын. Дүние бір орында тұрмайды, бір кездегі асқақтаған Алтын Орданың құлағаны рас, бірақ ол ұялатын тарих емес.

(Жалғасы келесі санда)

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

ШЫМКЕНТ «АҚЫЛДЫ ҚАЛАҒА» АЙНАЛАР КҮН АЛЫС ЕМЕС

Цифрландыру бүгінде мемлекет дамуының басты көрсеткіштерінің біріне айналды десек қателеспейміз. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, цифрлық технологияларды тиімді енгізген елдер мен қалалар экономикалық өсімге қол жеткізіп қана қоймай, халықтың өмір сүру сапасын жақсартып, мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыра түсті. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің үшінші мегаполисі – Шымкент қаласында цифрландыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу, инновациялық инфрақұрылымды дамыту және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті кеңінен қолданатын озық мемлекеттердің қатарына қосуды стратегиялық міндет ретінде белгілеп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар өңірлерде де қарқынды жүзеге асырылуда. Соның ішінде Шымкент қаласы цифрлық трансформацияны жүйелі түрде жүзеге асырып келе жатқан өңірлердің біріне айналды.

Цифрлық қоғамның негізі – сапалы интернет пен тұрақты байланыс. Бүгінде интернет тек ақпарат алмасу құралы ғана емес, білім алудың, кәсіп жүргізудің, мемлекеттік қызметтерді пайдаланудың және қоғамдық өмірге белсенді араласудың маңызды тетігіне айналды. Сондықтан халықты кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі саналады.

Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесінде қазіргі таңда Шымкент қаласы аумағындағы 86 елді мекен мен шағынауданның 85-і кең жолақты интернет желісімен қамтылған. Бұл көрсеткіш қаладағы цифрлық инфрақұрылымның тұрақты дамып келе жатқанын айғақтай түседі.

Интернет қолжетімділігі мәселесі шешімін тапқан тұрғын алаптардың бірі – Алтынтөбе. Мұнда «Спецавтоматикасервис» компаниясы тарапынан қажетті инфрақұрылым желілері тартылып, шамамен 400 тұрғын үйді кең жолақты интернет желісіне қосуға техникалық мүмкіндік жасалды. Бұл тұрғындардың ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін арттырып қана қоймай, электронды мемлекеттік қызметтерді пайдалану мүмкіндігін кеңейтеді әрі цифрлық теңсіздікті азайтуға ықпал етеді.

Шымкент қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемеловтың айтуынша, цифрлық технологияларды енгізудегі басты мақсат –

нет желісін дамыту, мобильді байланыс сапасын арттыру және инновациялық технологияларды енгізу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Бұл өз кезегінде қаланың инвестициялық тартымдылығын арттырып, «ақылды қала» қағидаттарын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға мүмкіндік береді, – дейді Мұхит Кемелов.

Қаланың телекоммуникациялық инфрақұрылымын дамыту жұмыстары тек интернетпен қамтумен шектел-

бірлесіп көпфункционалды байланыс тіректерін орнату жобасы жүзеге асырылуда.

Аталған нысандар қаланың сәулеттік келбетіне үйлесімді орналастырылып, мобильді байланыс желілерінің сапасын жақсартуға, интернет жылдамдығын арттыруға және байланыс тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі таңда қала аумағында осындай үш байланыс тірегі орнатылып, пайдалануға берілді. Алдағы кезеңде тағы он алты нысанды орнату жоспарланып отыр.

Шымкент қаласы Цифрландыру басқармасының Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бөлімінің басшысы Арман Махановтың айтуынша, тұрғындардың цифрлық қызметтерге деген сұранысы жылдан-жылға артып келеді.

– Бүгінде тұрғындардың интернетке деген сұранысы бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Сондықтан біз шалғай орналасқан тұрғын алаптар мен жаңадан қалыптасқан шағынаудандарды сапалы байланыспен қамтуға ерекше көңіл бөліп келеміз. Соның нәтижесінде Алтынтөбе тұрғын алабында қажетті инфрақұрылым тартылып, жүздеген үйді кең жолақты интернетке қосуға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар қалада көпфункционалды байланыс тіректерін орнату жұмыстары жалғасуда. Бұл мобильді интернет жылдамдығын арттырып қана қоймай, байланыс сапасын жақсартуға және тұрғындардың цифрлық қызметтерді кедргісіз пайдалануына жағдай жасайды. Алдағы уақытта да телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар қарқынды түрде жалғасады, – дейді бөлім басшысы.



...цифрлық технологияларды дамыту арқылы «ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылуда. Болашақта жасанды интеллект негізіндегі шешімдер көлік ағындарын басқаруға, коммуналдық қызметтердің тиімділігін арттыруға, азаматтардың өтініштерін жедел қарауға және қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді.

тұрғындардың өмір сапасын арттыруға баса назар аударылып отыр.

– Цифрландыру – бұл тек технологиялық жаңғыру ғана емес, ең алдымен тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды құрал. Біздің негізгі мақсатымыз – қала тұрғындарына сапалы интернет пен тұрақты байланысты қолжетімді ету, мемлекеттік қызметтерді алу үдерісін жеңілдету және заманауи цифрлық сервистердің мүмкіндігін кеңейту. Қазіргі таңда Шымкентте кең жолақты интер-

мейді. Бүгінде тұрғындарды сапалы мобильді байланыспен қамтамасыз ету мақсатында «Кар-Тел» ЖШС-мен

Сапалы интернет пен тұрақты байланыс инфрақұрылымы жасанды интеллект технологияларын енгізуге

де берік негіз қалайды. Қазіргі таңда әлемнің жетекші елдері жасанды интеллект мүмкіндіктерін мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, білім беру, көлік жүйесі және қоғамдық қауіпсіздік салаларында кеңінен пайдаланып келеді.

Шымкентте де цифрлық технологияларды дамыту арқылы «ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылууда. Болашақта жасанды интеллект негізіндегі шешімдер көлік ағындарын басқаруға, коммуналдық қызметтердің тиімділігін арттыруға, азаматтардың өтініштерін жедел қарауға және қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Цифрлық дамудың маңызды бағытының бірі – киберқауіпсіздік. Ақпараттық технологиялар кеңінен енгізілген сайын деректерді қорғау мәселесі де өзектеніп түсуде. Осыған байланысты елімізде жүзеге асырылып жатқан «Қазақстан киберқалқаны» жобасы ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралы болып отыр.

Қалада тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және интернет алаяқтықтың алдын алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Бұл азаматтарды фишингтік шабуылдардан, жалған ақпараттық ресурстардан және түрлі киберқауіптерден қорғауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар электронды үкімет жүйесінің дамуы тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді онлайн түрде алу мүмкіндігін кеңейтіп отыр. Бүгінде көптеген қызметтерді үйден шықпай-ақ рәсімдеуге болады. Бұл уақытты үнемдеп қана қоймай, мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға ықпал етеді.

Жалпы, Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан цифрландыру жобалары өңірдің технологиялық әлеуетін арттыруға, инновациялық инфрақұрылымды дамытуға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Кең жолақты интернеттің қолжетімділігі, мобильді байланыс сапасының артуы, жасанды интеллект технологияларын енгізу, киберқауіпсіздікті күшейту және электронды қызметтердің дамуы мегаполистің цифрлық даму жолындағы нақты қадамдарын көрсетеді.

Бүгінде технологиялық даму қарқынды мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкенттің цифрлық трансформация бағыты қала тұрғындарының әл-ауқатын арттырып қана қоймай, оны Орталық Азиядағы заманауи әрі инновациялық мегаполистердің біріне айналдыруға берік негіз қалыптастырып отыр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КЕСЕЛ

Жастар қылмысы дегенде Қойға бұрын ұрлық, төбелес, бұзақылық келетін. Қазір қауіптің түрі өзгерді. Ең үрейлі бағыттың бірі – наркокурьерлік. Телефонға келген «оңай жұмыс», «күніне көп ақша», «тек апарып кетесің» деген хабарлама кейбір жасқа мүмкіндік сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ оның соңы бірнеше жылдық түрме жазасына, үзілген оқу мен күйреген отбасыға апарды.

Қазақстанда есірткі қылмысы интернет арқылы жаңа арна тапты. Telegram-арналар, жалған ақкаунттар, криптотөлем, «закладка» жүйесі бәрі қылмысты көзге көрінбейтіндей етіп көрсетеді. Ішкі істер министрлігі 2025 жылы елде 7 мыңнан астам есірткіге қатысты құқықбұзушылық анықталғанын, заңсыз айналымнан 31 тоннадан астам есірткі алынғанын хабарлады. Қағаздағы сан суық көрінеді. Бірақ әр килограмның артында тәуелділікке түсуі мүмкін адамдар, бұзылуы мүмкін тағдырлар тұр. Ең ауыр түс – жасөспірімдердің араласуы. 2025 жылдың алғашқы алты айында есірткі қылмысы бойынша 38 жасөспірім ұсталған. Бұл 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 40 пайызға көп. Құқықбұзушылықтың басым бөлігі Астана мен Алматыда тіркелген. Үлкен қалада оқу бар, жұмыс бар, орта бар. Бірақ азғыратын ұсыныс та көп. Әсіресе, ақшадан қысылған, ата-анасына айтпай жүрген мәселесі

ЖЕҢІЛ АҚШАНЫҢ АУЫР ҮКІМІ: ЖАСТАР НЕГЕ «НАРКОКУРЬЕР» БОЛУҒА ҚҰМАР?

бар, тез табысқа қызыққан студент пен мектеп оқушысы қылмыстық желінің оңай олжасына айналады. Көп наркокурьер өзін «сатушы» емес, «жеткізуші» деп ойлайды. Заң үшін айырмасы жоқ. Қылмыстық кодекстің 297-бабында есірткіні өткізу мақсатында заңсыз дайындау, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу үшін – 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көрсетілген. Ірі мөлшер болса – 6 жылдан 12 жылға дейін. Қылмыстық топ, білім беру ұйымдары немесе кәсіпкерлікке тәуелсіз адамға өткізу жағдайында жаза 15 жылдан 20 жылға дейін, кейде өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін барады. Бір қарағанда «бір-ақ рет апарып берем» деген іс адамның жастық шағын түгел жұтып қоюы мүмкін. Мұндай істе ұйымдастырушы көбіне алыста отырады. Курьер мекенжайға барады, суретке түсіреді, ақша алады. Ұсталған кезде телефондағы хаттар, картадағы аударымдар, жасырылған орындар, камера жазбалары дәлелге айналады. «Білмедім», «маған жай ғана тапсырма берді», «бірінші рет еді» деген сөз сотта әлсіз естіледі. Қылмыстық жүйе жас адамның аңғалдығын пайдаланады, ал жауапкершілікті көбіне төмендегі орындаушы көтереді. Бұл тақырып қазақ сериалдарында да көріне бастады. «Шекер» сериалында Алматыдағы студент Алдияр оқудан шығып қалмау үшін ақша іздеп, синтетикалық есірткі дүкеніне курьер болып кіреді. Басында бәрі уақытша шешім сияқты. Кейін ақша, қорқыныш, қылмыс бір-біріне байланып, кейінкерді тереңге тартады. «Мяу» сияқты жобалар



да жастардың «закладчик» жүйесіне қалай кіріп кететінін, есірткінің достыққа, отбасына, мінезге қалай соққы беретінін көрсетеді. Экрандағы оқиға көркем шығарма болғанымен, көшедегі шындыққа жақын. Полиция сайттарды бұғаттап, зертханаларды анықтап, қылмыстық топтарды ұстайды. Бірақ мәселені тек жазаммен тоқтату қиын. Жас адамның миында «оңай ақша қалыпты» деген түсінік қалса, бір арна жабылады, екішінші ашылады. Мектеп пен колледжде есірткі туралы құрғақ баяндама емес, нақты сот үкімдері, нақты жаза

мерзімі, нақты өмір мысалдары айтылуы керек. Ата-ана да баласының телефонына ғана емес, көңіл күйіне, ортасына, ақшаға көзқарасына назар аударғаны дұрыс. Наркокурьерлік – жастар үшін ең қауіпті қақпанның бірі. Бір пакет, бір мекенжай, бір тапсырма – өмірбаяндағы қара даққа айналады. Жеңіл ақша ешқашан тегін келмейді. Оның бағасы кейде бостандықпен, кейде отбасымен, кейде бүкіл болашақпен төленеді.

А. ДӘУЛЕТБЕК

ҚҰЛАҚАҒЫС

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ ЖАЛҒАСУДА

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялайды.

Байқаудың талаптары:

Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, көлемі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспағаны абзал.

Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушінің әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі. Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлға-

ны қаламының күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен Біз!

Құрметті байқауға қатысушылар!

Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынылған отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:

- Қайсенов Абылай Өзімханұлы.
- * Жасы: 35-50 аралығында;
- * Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.
- * Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.
- * Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.
- * Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ПИМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/
- * Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студенті. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.
- * Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі



де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді;/

* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына

құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

* Адал, жемқорлыққа жаны қас.

Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:

ҚОЛХАТ

Мен _____ «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС бас-тамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурстка жолдаған атты шығарманың авторлық құқықын «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығарманды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы
Қосымша сұрақтарыңыз бен шығарманың зangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!

Байланыс телефоны: 87011220940

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «ЭлФНО +» ЖШС (БСН 100240001144) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 169-үй, 3-кеңсе.

3. «АЛЬФРА» ЖШС (БСН 230340037284) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 248 көшесі, 6-үй.

4. «Нур Менеджмент» ЖШС (БСН 111040015499) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 132-үй, 305-кабинет.

5. «ТермоMania Service» ЖШС (БСН 160840027864) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Мардан Сапарбаев көшесі, 98А ғимарат.

6. «Qazber» ЖШС (БСН 180940021169) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Есенов көшесі, 3-үй, т.е.б. 1.

ӘРТҮРЛІ

7. «New Way Development» (Нью Вэй Девелопмент) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 060640001248) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050051, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 192-үй. Тел. +7 701 952 72 10.

МҰРАГЕРЛІК

9. 15.12.2025 ж. қайтыс болған Қожақеев Ғалымжан Әбубәкірұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖОҒАЛТУ

10. Ресей Федерациясының аумағы арқылы үшінші мемлекеттің аумағынан немесе аумағына халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға арналған №0297002 арнайы біржолғы рұқсаттың жоғалуына байланысты, Алматы қаласындағы ЖК А.М. Маликтің, ЖСН 760327302755 атына берілген рұқсат жарамсыз деп есептелсін.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, WhatsApp: +7 708 027 4270

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. /факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, РБК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

Күн қызара батып, көкжиек қойнына сіңсе де, айналаны қараңғылық әлі толық көмкермеген. Көктемнің мамыражай мезгілінен соң адамдар жазды асыға күтетін уақыт. Күн жылынып, ағаштар әлдеқашан гүлдеп, құстар сайрап, көңілге бір жайлылық сыйлайтын мамыражай кеш.

Ауыл шетінде орналасқан үш қабатты ғимараттың қызыл шатыры алыстан-ақ көзге шалынады. Аспанмен тілдескен биік мұнарадан кейін назарды бірден өзіне аударатын да осы еңселі құрылыс еді. Жаңадан бой көтерген бұл ғимарат – аудандық аурухана.

Дәрігерлер қабылдайтын кабинеттер мен науқастарға арналған жарық палаталарды былай қойғанда, аурухана заманауи медициналық құрал-жабдықтармен де толық қамтамасыз етілген. Аудан орталығындағы осы бір мекемеде елуге жуық дәрігер мен жүзден астам мейірбике қызмет атқарады. Ғимараттың бір жағы емхана болса, екінші жағы науқастар жататын аурухана еді. Құралдың бұл жерде мейірбике боп қызмет еткеніне бір жылдан астам уақыт өтті. Ауылға да, жұмысына да үйреніскен қыз өз жұмысын бар ынта-жігерімен орындайды. Әріптестері оның «жөк» деп айта алмайтындығын білген соң, үнемі кезекшілікте орындарын ауыстыруды сұрайды. Бүгін де Мәжиттің түнгі кезекшілігінің орнына шыққан қыз дереу киімдерін ауыстырып, науқастарға кезекті дәрі-дәрмегін беріп, инесін салуға асықты.

Әдетте ординатор бөлмесін кілтпен құлыптап жүретін, бұл жолы есікті жабусыз қалдырды. Қас қарайып, адам аяғы саябырсыған уақытта қызметкерлер бөлмесінің де есігі жабылды. Әрлі-берлі есікті жұмқылған қыз, есікті ашық қалдырғанын нақты біледі. «Қызық екен», – деп ойлады ішінен, «мүмкін біреу келген болар».

Бөлме іші қараңғы. Жарықты қосуға тырысқанымен, нәтиже жоқ. Өз-өзінен күбірлей сөйлеген қыз шкаф ішіндегі сөмкесіне қол созғаны сол, төбеде салбырап тұрған адам сұлбасын көрген сәтте сілейіп тұрып қалды. Кенет шыққан жан түршігерлік дауысқа кезекшілер тұра ұмтылды. Есенгіреп қалған Құралдың есін жиғызып, төбеде асылып тұрған адамды төмен түсіріп, жарық бөлмеге шығарды. Бұл 52 жастағы аурухана басшысы Адаев Ислам Шекерұлы болатын.

Бір аптаның ішінде дәрігерлер арасында ажал құшқан екінші адам. Осыдан тура бес күн бұрын жүрек ұстамасымен кенеттен қайтыс болған білікті анестезиолог – Қасымов Серіктің денесін тугандары жазғы сарайдан тапқан еді. Енді аудан шетінде орналасқан жаңа аурухана ғимаратында бас дәрігердің мәйіті табылды. Кездейсоқтық па, әлде арнайы жасалған қылмыс па? Бұл екі жұмбақ өлімнің шешімін табуға облыстан білікті тергеуші келген еді. Ауданға арнайы шақыртылған тергеуші – жиырма жыл полиция саласында қызмет атқарған, полковник Абылай Қайсеновтің өзі еді. Жасы 45-тен асса да спортты өзіне серік еткендіктен өз жасынан әлдеқайда жас көрінетін. Орта бойлы, шымыр денелі. Түр-сипаты бір көрген адамға сұсты көрінетін тергеушінің ерекше қасиеті есте сақтау қабілетінің мықтылығы. Кез келген адам байқай бермейтін ұсақ бөлшектің өзі Абылайдың назарынан тыс қалмайтын. Балалық шағы осы ауылда өткендіктен бұл істі тергеуге келісімін бірден берген еді.

Қаланың қарбаласынан кейінгі ауыл тыныштығы жанға бір жылылық сыйлайтындай. Тергеу жұмысына кіріспес бұрын болған жағдайды жіті зерттеген Абылай бұл істің оңай шешілмейтінін сезді.

Бір аптада көз жұмған екі дәрігер. Бірі өз үйінен, екіншісі жұмыс орнынан табылды. Былай қарағанда табиғи өлім секілді. Бірінің жүрегі ұстаза, екіншісі

өзіне қол жұмсады. Сараптама қорытындысы тергеушінің көкейіндегі күдікті сөйлетудің орнына, одан бетер күрделендіріп жібергендей. Екеуінің бірдей қанынан адам ағзасына күшті әсер ететін белгісіз қосындының ізі анықталғанымен, мамандар оның нақты қандай зат екенін айта алмады. Қағаз бетіне түскен ресми қорытындыда өлім себебі «Жүректің кенет тоқтауы» деп көрсетілген. Қарапайым сунцид боп көрінгенімен, оның астарында басқа бір сұмдықтың ізі жатқанын тергеуші бірден аңғарды.

Екі бірдей дәрігердің өлімі кімге қажет болды? Қылмыстың ұйымдастырылу тәсіліне қарағанда, мұның бәрі алдын ала мұқият жоспарланған.

Тергеу барысында ауданнан тағындалған жас жігіт өзін таныстырған соң Абылайға болған жағдайды қысқаша баяндады.

АҚ ХАЛАТТЫ АЖАЛ

– Кіші лейтенант Абиев. Тергеу жұмысы аяқталғанға дейін сіздің көмекшіңіз боламын.

Тергеуші алдында тұрған ұзын бойлы жігітке көзінің қиығымен қарады да:

– Олай болса баянда, лейтенант. Бұл іс жөнінде толық ақпарат қажет, – деді.

Тергеушінің осы сөзін күткендей лейтенант қолындағы папканы ашып толық мән-жайды түсіндірді.

«15 мамыр күні сағат таңғы 7.20 шамасында жазғы үйден аурухана анестезиологы – Қасымов Серіктің мәйіті табылды. Марқұмды алғаш көрген жұбайы оның түнгі кезекшіліктен қай уақытта оралғанын білмеген. Бұрыннан жүрек дерті бойынша есепте тұрғандықтан, оны инфаркттан қайтыс болды деп топшылаған. Алайда сараптама қорытындысы марқұмның қанынан жүрек қызметіне әсер еткен көп мөлшердегі белгісіз препарат анықталғанын көрсетті.

21 мамыр күні сағат 22.00 шамасында бөлмесінен бас дәрігер Ислам Адаевтың асылып тұрған мәйітін кезекші медбике анықтаған. Алғашқы көрініс өзіне қол жұмсағандай көрінгенімен, сараптама қорытындысы кан құрамынан белгісіз препарат және есірткілік заттың ізін анықтады. Тағы бір ескертін жағдай Адаевтың «Глиобластома», яғни бас миының қатерлі ісігіне шалдыққанын көрсетті. Алайда негізгі өлім себебі – анафилактикалық шок нәтижесінен жүректің тоқтауы. Қарапайым кездейсоқтық көрінгенімен, екі өлім де алдын ала ұйымдастырылған қылмысқа көбірек ұқсайды», – деді лейтенант сөзін аяқтап.

– Бірі инфаркт, ал енді бірі ажалын күтпестен өзіне қол жұмсағандай, – деді тергеуші. – Сен ауыл тұрғындарын жақсы білесің. Сенің маған көмегің қажет болады. Ал қазір, аурухана қызметкерлерімен сөйлесуіміз қажет.

Аспанмен таласқан биік мұнара бала күннің балғын шақтарын еске салғандай. Абылай көкжиекке көз тастады да, ойына бір нәрсе оралғандай аурухананы сырттай айналып шықты. Осы маңға бала кезінде ата-әжесіне қонаққа келгенде жиі келетін. Ауылдағы алаңсыз күндер мен өткен шақтың елесі енді артта қалғандай.

Сырттан келген тергеушіге бірі қызығушылықпен қараса, бірі қорқынышпен қарап, алшақ жүруге тырысты. Елуден астам дәрігердің барлығынан жауап алу мүмкін емес, сол себепті марқұмның жанында соңғы кезде жақын жүрген әріптестерімен сөйлесуді жөн көрген ол, алдымен ординатор бөлмесіне бағыт алды.

– Саусақ іздері тексерілді ме? – деді

жанынан бір елі қалмай жүрген лейтенантқа.

– Иә... бірақ саусақ іздері тым көп болғандықтан, ажырату мүмкін емес.

Абылай қабағын түйді. Ешқандай айғақ жоқ. Қылмыскер көпшіліктің арасында жүріп, барлығын алдын ала жоспарлағанға ұқсайды. Бөлмеге мәйітті алғаш көрген Құралай есімді медбике кірді. Жауаң қаққан жанарынан қорқыныш пен сенімсіздік байқалады.

– Қорықпаныз, сізге тек бірнеше сұрақ қоямын. Барынша ашық болуға тырысыңыз, – деді тергеуші қызды жұбатқандай.

Тергеушінің бұл сөздерінен соң қыз өзін еркін ұстауға тырысып, қойылған сұрақтарға ойлана жауап берді.

– Тағы бір мәрте есіңізге түсіріңізші, – деді тергеуші сабырлы үнмен.

– Сағат сегізде кезекшілікке келген кезде бөлмеде тірі жан болмағанын айттыңыз. Ал арада екі сағат өткен соң қайта келгеніңізді мәйітті көрдіңіз. Демек, осы уақыт аралығында әлдекіміңіз кіріп-шығуы әбден мүмкін ғой? – Иә, – деді қыз жыламсырай.

орта бойлы, бидай өңді әйелдің жүзінен абыржу байқалмады. Абылайдың көздеріне тіке қарап, өзін еркін ұстауға тырысты. Жасанды күлкісімен қобалжығанын жасыруға тырысқандай.

– Соңғы жағдайларға байланысты денсаулығым сыр бере бастады. Бірақ сіздің алдыңызда жауап беруге дайынмын, – деді әйел. – Менің ойымша бұл әдейі жасалған қылмыс. Серіктің өлімінен әлі өзімізге келіп үлгермеген едік, Шекерұлының өлімі бізге қатты соққы болды. Ауылымыздың абыройы былай тұрсын, аурухананың абыройына үлкен нұқсан келді. Көп ұзамай қылмыскерді табасыз деп ойлаймын.

Әдемі сөйлейтін әйелдің алдын ала қорғанғаны түсінікті, алайда басының оң қолы ретінде ол көп нәрсені білетіні анық. Жасыруға тырысқанымен, тергеуші оның әлісіз тұсын тапқандай.

– Марқұм басыңыздың морфин қолданатыны сізге мәлім шығар? – деді тергеуші сұрақты төтесінен қойып. – Таң қалмағаныңызға қарағанда мәлім деп ойлаймын. Науқастарға берілетін бұл мықты дәрі қандай рұқсатпен алынғанын білмеймін, ол жағы

бар секілді. Бір-бірін жақсы танытын адамдардың арасында шындық та, өтірік те бір-бірімен астасып кеткендей. Тергеу болса алға басар тұр танытпады.

– Кіруге рұқсат етіңіз, – деді кіші лейтенант.

– Кабинетке кіріп болған соң рұқсат сұраймысың? Қане, айта бер, – деді тергеуші.

– Алдымен ординатор бөлмесінің кілті жайында баяндайын. Бар болғаны үш кілт бар. Бірі марқұм басшының өзінде болатын, екіншісі орынбасарында, ал үшінші кілт төменгі қабатта ілулі тұрады.

Абылай сәл ойланып, қабағын түйді.

– Ал меджігіт не дейді?

– Әріптесінің баласының туған күніне бару үшін кезекшілікті алмастыруға тура келді дейді. Мәнінше бұл барып тұрған сылтау. Қонаққа шақырған адамның өзі үйіне кешігіп келгенге ұқсайды. Аса назар аударатындай жағдай емес, әйтсе де кім білген, – деді лейтенант өзіне риза болғандай.

Тергеуші ештеңе деместен блокно-



– Сіз есікті кілтпен құлыптадыңыз ба? – деп сұрады тергеуші.

– Жөк. Шыққан кезде оны жаппағаным анық есімде. Менде кілт болған емес...

– Бірақ бөлмеге қайта келгенде есік кілтпен құлыптаулы болды. Дұрыс па?

– Иә, солай. Шынын айтсам, бұл күні кезекшілікке басқа әріптесім шығуы керек еді. Қолқа салған соң орнына қалғанмын.

– Түсінікті, – деді тергеуші басын ізеп. – Ақпараттыңызға рақмет. Егер қосымша сұрақтар туындап жатса, сізбен қайта хабарласамын.

Блокнотына көз жүгірткен тергеуші ойына түйгенін түртіп алды да, жанындағы лейтенантқа сол түні кезекшілікте болуы тиіс адамды дереу табуды тапсырды.

– Тағы бір мәселе бар, – деді сөзін жалғастырып. – Ординатор бөлмесінің кілті кімдердің қолында болғанын анықтау керек.

Сол түні кезекшілікте болған дәрігерлер де, өзге қызметкерлер де «Ештеңе көрмедік, ештеңе білмейміз» дегеннен аса алмады. Аурухана дәліздерін қанша аралағанымен, тергеушіге іліккен нақты дерек табылмады. Алайда соңғы уақытта басының өз орынбасарымен жиі сөзге келіп, араларында түсінбеушілік бар екені Абылайдың да құлағына жетті.

Болған оқиғадан кейін бірден еңбек демалысына шыққан бас дәрігердің орынбасары облыстан келген тергеушінің өзі іздеп келді. Қырықтан асқан,

кейін анықталар. Шекерұлы «өзіне қол жұмсаған күні» араларыңызда үлкен қақтығыс болғанын барлық әріптестеріңіз растап отыр. Жиналыста басталған дау – басының кабинетінде жалғасын тапты, – дейді куәгерлер.

Арада орнаған үнсіздікті бірінші боп әйелдің өзі бұзды. Айтатын жауабын ой елегінен өткізіп, сөздерін саралап алғандай сабырлы үнмен:

– Жұмыс барысында біз жиі сөзге келетінбіз. Шекерұлы тым бос, тым жұмсақ. Сол үшін де қызметкерлер оны сыйлаудан қалды. Әсіресе марқұм Серік, үнемі оның кемшіліктерін көпшіліктің көзінше айтып отыратын. Араларынан ала мысық өткендей, басшы да оған үнемі шүйлігетін. Ал морфинге келетін болсақ, естігенім болмаса нақты дәлел болмаған соң ештеңе айта алмаймын. Дәрі-дәрмек өз заңдылығымен берілуде.

Әйелдің айтқан әр сөзін блокнотына түртіп алған Абылай:

– Шекерұлы көз жұмар алдында екі сағат бұрын сізбен сөйлескенім ұялы телефоннан көруге болады. Не туралы сөйлестіңіздер?

– Жұмысқа қашан қосылатынымды сұрады. Сосын айықпас дертке шалдыққанын айтып жылады. Біз бірнеше жыл бірге қызмет атқардық, ол ешқашан маған бұлай ашылып сөйлемейтін. Қоштасқандай көрінді, – деді ол көз жасын сүртіп.

Әйелден жауап алып болған соң, Абылай папканы қайтадан қолына алып, құжаттарды біртіндеп парақтай бастады. Бұл аурухананың ішінде өз ішкі әлемі, өз тәртібі, өз заңдылығы

тын ашып, ойына келген жайттарды түрте бастады.

– Күдіктенетін адамның бар ма?

– Өзірге нақты ешкімді айта алмаймын. Жіптің бір ұшын тапсам, түйін де тарқатылар еді. Екі дәрігердің өлімі бір адамның ісі екендігіне сенімдімін. Бір қызығы әріптестері Әбілқасымқызы туралы жақсы пікірде емес. Қай дәрігерден сұрасаң да, басшы мен орынбасарының арасындағы кикілжіңді айтады, – деді тергеуші.

– Сіздің ойыңызша бас дәрігерді өлтірген орынбасары болуы мүмкін бе?

– Билікке тым құмар екенін байқадым. Бірақ биліктен бұрын қызметін тым қатты бағалайды. Кім білсін, сұрақ көп, жауабы әзірге жоқ.

– Лейтенант, – деді Абылай сәл кідіріп.

– Тыңдап тұрмын.

– Ауылдың арғымағына мінбегелі біраз уақыт болды. Ат үстінде ойым сараланып, санамдағы сұрақтардың шешімі өзіңнен табылатыны бар.

– Түсіндім, майор. Арғымақ дайын деп ойланғыз, – деді лейтенант.

Кең даланың төсінде арғымаққа нық қонған Абылай, еңсесін тік ұстап, самал желмен жарыса шауып келеді. Жүрегінен кернеген еркіндік сезімі ойқиялын қалықтатып, көңілін бір ләззатқа бөлегендей.

Ауылда тым ұзақ аялдауға болмайды. Күн өткен сайын қылмыскер де ізін жасырып, айғақтарды жоғалтуы мүмкін. Оқиғаны ой елегінен өткізген Абылай ең маңызды бөлшекте назардан тыс қалдырғанын сезді.

Алдымен анестезиолог дәрігердің өлімі. Басшымен үнемі келіспейтін, жиі кикілжіңге келеді. Алайда бұл оның өмірін қиюға сылтау емес. Басшының нашақор екендігін біліп бопсалауы мүмкін. Абылай қағазға түсірген жазудың астын сызды. Өз ойын қағазға түсіріп, өзі жауап беретін әдісті ол жұмыс барысында жиі қолданатын. Қасымовты өлтірген адам оның жүрегінің әлсіз екенін алдын ала білген және сол жағдайды пайдаланған. Жүрек ұстамасына әкелетін дәрілік препарат пайдаланған. Ол өзінің дәрі қолданбайды, сондықтан мәжбүрлі түрде немесе, немесе дәрігердің нұсқауымен. Қасымовтың қандай дәрігерге барғанын анықтау.

Адаевтың қан құрамынан есірткі затының жоғары мөлшері анықталды. Ал Қасымовтың бойынан табылған белгісіз препарат оның қанынан да кездескен. Қылмыскердің әрекет тәсілі де, қалдырған ізі де бір – екі қылмыста да бір адамның қолтанбасы анық байқалады.

Бақыт ЖАЛИЕВА
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz
E-mail: zanreklama@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6410 дана
Апталық таралым 12820 дана
Тапсырыс № 86 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31